

Бекітемін
МККК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасы»
менгерушісі  Г.Ж. Барикова
«__» _____ 2023 жыл



«Аналар мектебі» жұмыс жоспары

«Адал азамат – біртұтас тәрбие бағдарламасы»

Кіріспе

Ана – отбасының жүрегі, балаға мейірім мен сүйіспеншіліктің қайнар көзі. Ананың әрбір сөзі мен ісі балаға бағыт-бағдар береді. «Адал азамат» бағдарламасы аясында аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін арттыру, олардың педагогикалық және құқықтық сауаттылығын көтеру, отбасындағы берекені нығайту – басты міндеттердің бірі.

Мақсат:

- Баланың бойына мейірім, адалдық, еңбек сүйігіштік пен әділдік қасиеттерін сіңіруде ананың үлесін арттыру.
- Отбасындағы ананың беделін, педагогикалық мәдениетін нығайту.
- Ана мен бала арасындағы жылы қарым-қатынасты күшейту арқылы «адал азамат» тәрбиелеу.

Міндеттер:

- Аналарды ұлттық салт-дәстүр мен отбасы құндылықтарына баулу.
- Ана мен баланың қарым-қатынасын дамытуға арналған тренингтер өткізу.
- Құқықтық, қаржылық, экологиялық сауаттылыққа бағытталған жұмыстар ұйымдастыру.
- Баланың жеке тұлғалық дамуына ананың ықпалы туралы түсінік қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі артады;
- Балаларда мейірімділік, адалдық, еңбексүйігіштік, әділдік қасиеттері қалыптасады;
- Ана мен бала арасындағы сенім күшейеді;
- Отбасында жылы психологиялық ахуал орнайды;
- Балабақша мен ата-ананың ынтымақтастығы нығаяды.

Іс-шаралар	Жұмыстың мазмұны	Өткізілетін күні	Жауапты	Өткізу формасы
Қыркүйек				

Дөңгелек стол: «Аналар мектебінің жоспары» танысу	Аналармен танысу			Дөңгелек стол
Практикалық сабақ: «Мен қандай анамын?» сауалнама	Аналардың бала тәрбиесіндегі өзін-өзі бағалауы			Сауалнама, тест
Балалармен жұмыс: «Менің анам – ең мейірімді жан»	Тақырыптық әңгімелеу			Әңгіме
Қазан				
Қолөнер көрмесі: «Анам үйретеді»	Балалардың қолөнер бұйымдары көрмесі			Көрме
Экологиялық акция: «Ана мен бала табиғат қорғаушысы»	Табиғатты қорғауға тәрбиелеу			Акция
Балалармен жұмыс: «Менің отбасым – бақыт мекені»	Тақырыптық әңгіме			Әңгіме
Қараша				
Шеберлік сабағы: «Анам үйреткен адал еңбек»	Тұрмыстық қолөнер іс-әрекеттері			Шеберлік сабағы
Дөңгелек стол: «Ана отанның адал жаңашыры»	Аналармен бала арасындағы қарым-қатынасы			Дөңгелек стол
Балалармен жұмыс: «Анамның мамандығы – мен үшін үлгі»	Сурет байқауы			Байқау
Желтоқсан				
Дөңгелек стол: «Отбасындағы ана мен бала қарым-қатынасы»	Қарым-қатынас мәдениеті туралы			Дөңгелек стол
Отбасылық эстафета: «Ана – қамқоршы, бала – серіктес»	Спорттық шара			Эстафета
Балалармен жұмыс: «Жаңа жылдық ізгі тілек»	Сурет байқауы			Сурет
Қаңтар				
Тренинг: «Ана – отбасындағы	Отбасындағы әділдік пен адалдық			Тренинг

адалдықтың ұйытқысы»				
Көрме: «Анам жасаған тағамдар – адал еңбек жемісі»	Үй тағамдары көрмесі			Көрме
Балалармен жұмыс: «Менің анам әділ»	Сурет байқауы			Байқау
Ақпан				
Дөңгелек стол: «Ана жүрегі – мейірім мен адалдықтың қайнары»	Ана мейірімінің балаға әсері			Дөңгелек стол
Ұлттық ойындар: «Анам үйреткен әдепті ойын»	Ұлттық ойындар			Ойын
Балалармен жұмыс: «Мен анамды мақтан етемін»	Балалардың әңгімесі			Әңгіме
Наурыз				
Дөңгелек стол: «Ана мейірімі- балаға шуақ»	Аналар баяндама			Дөңгелек стол
Тренинг: «Ана мен бала – қайырымды жүрек»	Психологпен тренингі			Тренинг
Балалармен жұмыс: «Анам – менің қорғаушым»	Өлең оқу			Өлең
Сәуір				
Кездесу: «Анамның мамандығы мен үшін үлгі»	Сұрақ-жауап			кездесу
Балалармен әңгіме: «Ана-отбасының берекесі»	Балаларға ана туралы ананың өмірде алатын ерекше орыны туралы мағлұмат беру.			әңгіме
Балалармен жұмыс: «Бала денсаулығы – ананың басты байлығы»	Тамақтану мөлшері туралы мағлұмат беру			әңгіме
Мамыр				
Кездесу: «Ұлттық салт-дәстүр және ана тәрбиедегі рөлі»	Аналармен кездесу			Кездесу

Балалармен жұмыс: «Мейірім мен адалдық- ананың»	Ананың жүрегіндегі шексіз мейірім мен қамқорлық түсіндіру			Түсіндірме жұмысы
Дөңгелек стол: «Аналар мектебінің жұмысының қортындысы»	Қортынды			Дөңгелек стол

Бекітемін: Асқар

МКҚК №1 "Күншуақ"

бөбекжай-балабақшасы

Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Сіз қандай ата-анасыз?"

Анықтамасы

"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р

Қыдыралы Л.Т

2025-2026 оқу жылы"

«Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасының әдістемелік анықтамасы мен нәтижелерін талдау

1. Сауалнаманың мақсаты мен жалпы сипаттамасы

«Мен қандай анамын?» сауалнамасы — бұл аналардың өз баласымен қарым-қатынас стилін, тәрбиелеу әдістерін және психологиялық позициясын анықтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық диагностикалық құрал болып табылады. Ол ата-аналардың рефлексия жасауына және баламен байланысты жақсарту жолдарын іздеуіне көмектеседі.

Сауалнаманың негізгі міндеттері:

- Өзін-өзі тану: Ананың өз бойындағы күшті және әлсіз тұстарын, тәрбиедегі қателіктерін байқауына көмектесу.
- Қарым-қатынасты талдау: Баламен арадағы сенімділік, жақындық немесе алшақтық деңгейін анықтау.
- Тәрбие стилін бағалау: Ананың тәрбие берудегі негізгі бағытын (демократиялық, авторитарлы, либералды, гиперопека) айқындау.

2. Пайыздық көрсеткіштер бойынша нәтижелерді интерпретациялау

Пайыздық нәтижесі	Тәрбие стилінің сипаттамасы	Баланың тұлғатық дамуына нәтижесі
75% – 100%	Демократиялық және саналы ана (Дос-ана): Баланың жеке тұлғасын құрметтейді, пікірімен санасады. Ақылға қонымды талаптар қоя біледі. Сенімділік ортасы басым.	Бала өзіне сенімді, белсенді, ашық, жауапкершілікті сезінетін және өз бетінше шешім қабылдай алатын тұлға болып өседі.
50% – 74%	Құбылмалы немесе тым қамқор ана (Икемді/Гиперопека): Тәрбиеде тұрақтылық жетіспейді. Кейде тым қатал, кейде тым еркін. Баланы қауіптен шектен тыс қорғаштау тән.	Бала анасының көңіл-күйіне қарай бейімделеді, мазасыздық деңгейі жоғары болуы мүмкін, өз күшіне сенімсіздік танытады.
50%-дан төмен	Авторитарлы (қатал) немесе Либералды (енжар) ана: Нәтиже екі шеткі бағытты көрсетеді: не баланы толық	Бала тұйық, ашушаң болуы мүмкін немесе қоғамдық ережелерді сыйламайтын, тәртіп бұзушылыққа бейім

қатаң бақылауда ұстау, не
мүлдем тәрбиеден тыс
қалдыру.

тұлғаға айналу қаупі бар.

3. Балабақша есебіне арналған анықтама

«Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасының қорытынды АНЫҚТАМАСЫ

Мақсаты: Аналардың бала тәрбиесіндегі психологиялық ұстанымын, тәрбиелеу
стильдерін анықтау және педагогикалық мәдениетін арттыру.

Қатысқандар: "Көбелек" ересек тобының

Ата-аналар саны: 20

Қорытынды нәтиже:

- Үздік деңгей (75% – 100%): Аналардың 74%-ы баламен санасатын, демократиялық стильді ұстанатын «Саналы ана» екенін көрсетті. Олар баланың дамуына жағдай жасап, достық қарым-қатынаста.
- Орта деңгей (50% – 74%): Аналардың 57%-ы бала тәрбиесінде икемді, бірақ кейде құбылмалы ұстанымда. Бұл топтағы аналарға балаға көбірек өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік беру ұсынылады.
- Төмен деңгей (50%-дан төмен): Аналардың 50%-ы тәрбиеде түзетулерді (коррекция) қажет етеді. Сұрақтар нәтижесі бойынша тәрбиеде тым қаталдық немесе тым еркіндік басым екені анықталды.

Ұсыныс: Төмен және орта деңгей көрсеткен ата-аналармен жеке кеңес беру жұмыстарын жүргізу, отбасылық тренингтер мен психологиялық семинарлар ұйымдастыру.

Күні: 20.09.2024 жыл

Жауапты маман: Сарсенбаева Г.З

4. Әдістемелік қорытынды

«Мен қандай анамын?» сауалнамасы — бұл анаға үкім шығаратын немесе оны кінәлайтын тест емес. Бұл ең алдымен баламен қарым-қатынасты жақсартуға, жіберілген қателіктерді дер кезінде түзетуге және отбасындағы үйлесімділікті арттыруға көмектесетін бағыттаушы құрал. Диагностика нәтижелерін ата-аналармен бөліскенде, олардың педагогикалық сауаттылығын арттыруға баса назар аудару ұсынылады.

**Сіз қандай ата-анасыз?
(ата-аналарға арналған саяуалнама)**

Ата-ана: *Тренишников А*

Баланыңыздың аты-жөні: *Тренишников Марк*

1. Газет журналдар мен ақпарат құралдарындағы бала тәрбиесі жөніндегі мәселелерге көңіл аударасыз ба?

Да

2. Сіздің балаңыз қателік жіберді. Осының барлығы тәрбиеніздің нәтижесі деп ойламайсыз ба?

Да

3. Отбасыда бала тәрбиесіне бірдей көңіл бөлесіздер ме?

Да конечно

4. Үй шаруасында балаңыз сізге көмектесті. Оның көмегін қабыл аласыз ба?

Иногда как

5. Қажет болған жағдайда балаңызға бұйыру мен тиым салу әдістерін қолданасыз ба?

Иногда какие бывают

6. Баланың қоршаған ортасы оған көбірек әсер ететінін сіз мойындайсыз ба? (балабақша, достары, өзге балалары)

Да

7. Сіз балаңызға бір нәрсені бұйырмай, өтініп орындата аласыз ба?

Да конечно

8. Сіз баламен күніне қанша уақыт араласасыз?

24/7

9. Сіз балаңызға ұйықтар алдында кітап оқисыз ба?

Нет

10. Сіз балаңыздың барлық тілегін орындауға тырысасыз ба?

Да конечно

**Сіз қандай ата-анасыз?
(ата-аналарға арналған сауалнама)**

Ата-ана: *Рахметов Ақтоты*

Баланыңыздың аты-жөні: *Марият Тукэр*

1. Газет журналдар мен ақпарат құралдарындағы бала тәрбиесі жөніндегі мәселелерге көңіл аударасыз ба?

Иә

2. Сіздің балаңыз қателік жіберді. Осының барлығы тәрбиеніздің нәтижесі деп ойламайсыз ба?

қателеседі

3. Отбасыда бала тәрбиесіне бірдей көңіл бөлесіздер ме?

Иә

4. Үй шаруасында балаңыз сізге көмектесті. Оның көмегін қабыл аласыз ба?

Иә әрқашан

5. Қажет болған жағдайда балаңызға бұйыру мен тиым салу әдістерін қолданасыз ба?

қажет болған емес

6. Баланың қоршаған ортасы оған көбірек әсер ететінін сіз мойындайсыз ба? (балабақша, достары, өзге балалары)

әрқашан ойнаймын

7. Сіз балаңызға бір нәрсені бұйырмай, өтініп орындата аласыз ба?

Иә

8. Сіз баламен күніне қанша уақыт араласасыз?

Балабақшадан кейін уақыт / демалыс күндері

9. Сіз балаңызға ұйықтар алдында кітап оқисыз ба?

жесі оқиды

10. Сіз балаңыздың барлық тілегін орындауға тырысасыз ба?

әрқашан емес

**Сіз қандай ата-анасыз?
(ата-аналарға арналған сауалнама)**

Ата-ана: *Алибаева Аида*

Баланыңыздың аты-жөні: *Масимова Ева*

1. Газет журналдар мен ақпарат құралдарындағы бала тәрбиесі жөніндегі мәселелерге көңіл аударасыз ба?

Да

2. Сіздің балаңыз қателік жіберді. Осының барлығы тәрбиеніздің нәтижесі деп ойламайсыз ба?

Көп

3. Отбасыда бала тәрбиесіне бірдей көңіл бөлесіздер ме?

Да көп

4. Үй шаруасында балаңыз сізге көмектесті. Оның көмегін қабыл аласыз ба?

Көп *Да*

5. Қажет болған жағдайда балаңызға бұйыру мен тиым салу әдістерін қолданасыз ба?

Көп *никогда* *пак* *не* *было*

6. Баланың қоршаған ортасы оған көбірек әсер ететінін сіз мойындайсыз ба? (балабақша, достары, өзге балалары)

Да

7. Сіз балаңызға бір нәрсені бұйырмай, өтініп орындатқандар аласыз ба?

Да *көп*

8. Сіз баламен күніне қанша уақыт араласасыз?

Всегда

9. Сіз балаңызға ұйықтар алдында кітап оқисыз ба?

Жабуи *китап*

10. Сіз балаңыздың барлық тілегін орындауға тырысасыз ба?

Да *постараюсь*

**Сіз қандай ата-анасыз?
(ата-аналарға арналған сауалнама)**

Ата-ана: *Жидиржанова Тауке*

Баланыңыздың аты-жөні: *Жұрманов Әкендір*

1. Газет журналдар мен ақпарат құралдарындағы бала тәрбиесі жөніндегі мәселелерге көңіл аударасыз ба?

Иә

2. Сіздің балаңыз қателік жіберді. Осының барлығы тәрбиеніздің нәтижесі деп ойламайсыз ба?

Иә

3. Отбасыда бала тәрбиесіне бірдей көңіл бөлесіздер ме?

Иә әрқашан

4. Үй шаруасында балаңыз сізге көмектесті. Оның көмегін қабыл аласыз ба?

Иә күндемікті

5. Қажет болған жағдайда балаңызға бұйыру мен тиым салу әдістерін қолданасыз ба?

Иә әрқашан

6. Баланың қоршаған ортасы оған көбірек әсер ететінін сіз мойындайсыз ба? (балабақша, достары, өзге балалары)

Иә сағат сайын

7. Сіз балаңызға бір нәрсені бұйырмай, өтініп орындата аласыз ба?

Иә кейде

8. Сіз баламен күніне қанша уақыт араласасыз?

күндемікті

9. Сіз балаңызға ұйықтар алдында кітап оқисыз ба?

Иә әкесі оқитын берді

10. Сіз балаңыздың барлық тілегін орындауға тырысасыз ба?

кейде мүмкін болса

**Сіз қандай ата-анасыз?
(ата-аналарға арналған сауалнама)**

Ата-ана: *Морозов Витя*

Баланыңыздың аты-жөні: *Морозов Мити*

1. Газет журналдар мен ақпарат құралдарындағы бала тәрбиесі жөніндегі мәселелерге көңіл аударасыз ба?

Да

2. Сіздің балаңыз қателік жіберді. Осының барлығы тәрбиеніздің нәтижесі деп ойламайсыз ба?

Да

3. Отбасыда бала тәрбиесіне бірдей көңіл бөлесіздер ме?

Да конечно

4. Үй шаруасында балаңыз сізге көмектесті. Оның көмегін қабыл аласыз ба?

Да

5. Қажет болған жағдайда балаңызға бұйыру мен тиым салу әдістерін қолданасыз ба?

Иногда

6. Баланың қоршаған ортасы оған көбірек әсер ететінін сіз мойындайсыз ба? (балабақша, достары, өзге балалары)

Да

7. Сіз балаңызға бір нәрсені бұйырмай, өтініп орындата аласыз ба?

Нет

8. Сіз баламен күніне қанша уақыт араласасыз?

Всегда

9. Сіз балаңызға ұйықтар алдында кітап оқисыз ба?

Нет

10. Сіз балаңыздың барлық тілегін орындауға тырысасыз ба?

Да

**Сіз қандай ата-анасыз?
(ата-аналарға арналған сауалнама)**

Ата-ана: *Кана Тимонра*

Баланыңыздың аты-жөні: *Кана Тамия*

1. Газет журналдар мен ақпарат құралдарындағы бала тәрбиесі жөніндегі мәселелерге көңіл аударасыз ба?

Аа

2. Сіздің балаңыз қателік жіберді. Осының барлығы тәрбиеніздің нәтижесі деп ойламайсыз ба?

Аа иногда

3. Отбасыда бала тәрбиесіне бірдей көңіл бөлесіздер ме?

Аа

4. Үй шаруасында балаңыз сізге көмектесті. Оның көмегін қабыл аласыз ба?

Аа иногда

5. Қажет болған жағдайда балаңызға бұйыру мен тиым салу әдістерін қолданасыз ба?

Нет нибило такне

6. Баланың қоршаған ортасы оған көбірек әсер ететінін сіз мойындайсыз ба? (балабақша, достары, өзге балалары)

Незнаю

7. Сіз балаңызға бір нәрсені бұйырмай, өтініп орындата аласыз ба?

Аа иногда

8. Сіз баламен күніне қанша уақыт араласасыз?

Всегда

9. Сіз балаңызға ұйықтар алдында кітап оқисыз ба?

Нет

10. Сіз балаңыздың барлық тілегін орындауға тырысасыз ба?

Постараюсь

**Сіз қандай ата-анасыз?
(ата-аналарға арналған сауалнама)**

Ата-ана: *Габиров Арман*
Баланыңыздың аты-жөні: *Габиров Арсен*

1. Газет журналдар мен ақпарат құралдарындағы бала тәрбиесі жөніндегі мәселелерге көңіл аударасыз ба?

АА

2. Сіздің балаңыз қателік жіберді. Осының барлығы тәрбиеніздің нәтижесі деп ойламайсыз ба?

АА

3. Отбасыда бала тәрбиесіне бірдей көңіл бөлесіздер ме?

АА

4. Үй шаруасында балаңыз сізге көмектесті. Оның көмегін қабыл аласыз ба?

ИЮН АА

5. Қажет болған жағдайда балаңызға бұйыру мен тиым салу әдістерін қолданасыз ба?

АА

6. Баланың қоршаған ортасы оған көбірек әсер ететінін сіз мойындайсыз ба? (балабақша, достары, өзге балалары)

НЕЗНАЮ

7. Сіз балаңызға бір нәрсені бұйырмай, өтініп орындата аласыз ба?

АА

8. Сіз баламен күніне қанша уақыт араласасыз?

ВСЕГДА

9. Сіз балаңызға ұйықтар алдында кітап оқисыз ба?

НЕТ

10. Сіз балаңыздың барлық тілегін орындауға тырысасыз ба?

ИЮН АА

**Сіз қандай ата-анасыз?
(ата-аналарға арналған сауалнама)**

Ата-ана: *Ишурбаева Аиша*
Баланыңыздың аты-жөні: *Аидеберген Ахмедов*

1. Газет журналдар мен ақпарат құралдарындағы бала тәрбиесі жөніндегі мәселелерге көңіл аударасыз ба?

Иә, ишине

2. Сіздің балаңыз қателік жіберді. Осының барлығы тәрбиеніздің нәтижесі деп ойламайсыз ба?

Иә, бала көптеген нәрсеге балтанып

3. Отбасыда бала тәрбиесіне бірдей көңіл бөлесіздер ме?

Ишине

4. Үй шаруасында балаңыз сізге көмектесті. Оның көмегін қабыл аласыз ба?

Ишине қабил елемін

5. Қажет болған жағдайда балаңызға бұйыру мен тным салу әдістерін қолданасыз ба?

Иә, кезеде әр қалай

6. Баланың қоршаған ортасы оған көбірек әсер ететінін сіз мойындайсыз ба? (балабақша, достары, өзге балалары)

Ишине

7. Сіз балаңызға бір нәрсені бұйырмай, өтініп орындата аласыз ба?

Иә

8. Сіз баламен күніне қанша уақыт араласасыз?

24/7

9. Сіз балаңызға ұйықтар алдында кітап оқисыз ба?

Иә, кезеде әлі барай

10. Сіз балаңыздың барлық тілегін орындауға тырысасыз ба?

Ишине емес



Бекітемін Л.М.
МКҚК №1 "Құншыақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Менің анам- ең мейірімді жан"
"Кобелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р
Қыдыралы Л.Т

2025-2026оқу жылы



Жұмақта әйел жынысынан жалғыз жаралған Хауа қыздың ылғи іші пысып жүретін еді. Осынша кең, осынша бай, осынша көркем дүниенің осынша кең, осынша бай, осынша бос тұрғаны, осынша қызығы жоқтығы жаратылысы әйел, бірақ өзінің әйел екенін әлі білмейтін Хауа қыздың ішін пыстырады. Күні-түні тыншыға алмайды, коңілсіз-ақ.

Әсіресе өзі сияқты жер басып жүретін екі аяқтылар аз: дәл ұқсайтыны біреу-ақ, шалалау ұқсайтыны екеу. Сол-ақ не бары. Дұрысында Хауа қыз сол көркемдікті де, кең дүниенің бос тұрғанын да білмейді, сезінумен жүреді. Жұмақтағы барлық жан-жануарлар сияқты. Хауа қызда сезіну ғана бар.

Ағаш басында өсетін жемістер татып кеткендей дәмсіз де, аз сияктанып барады. Бір кезде Хауа қыздың қызығып жейтіні алма, өрік, хұрма, мейіз, анар, жаңғақтар болушы еді, қазір бәрінен де жерініп кетті. Сусыны ағаш сүті, ағаш сырасы, соратыны қайың балы еді, осы күні Ғайнелхият бұлағының мөлдір суынан басқаны ішпей жүр.

Лә иләһа елла Алла – Алладан басқа Алла жоқ... Алла ұлы ғой, данышпан ғой. Онысына кім таласар?! Әттең барлық жан иелерін бір қалыппен жасап, өзінен басқаны ойлай білмейтін, бітеу етіп жаратқаны несі екен?

Ұлы Алланың әлденеден қаупі бардай ең сүйсініп жаратқаны періштелері болыпты. Бәрі де қос қанатты, бәрі де найзағайдай ұшқыр. Барлық дүниені, барлық жанды-жансызды өзі жаратқан Алла неден қауіптенеді екен?

Алланың бес ұлы періштелері бар: қаһар майданында Ғазыраил, елшілікте Жебіраил, сыртқы істерде Мекаил, ішкі істерде Есрафил. Көркемөнер, бау-бақша жұмыстарына – Ғазазил.

Келер бір заманда, адам деп аталатын жан иелері өліп-қырылып таусылғаннан кейін Есрафил бір сұрапыл айғай салады. Өне, айғай деп соны айт! Барлық өлген адам баласы шошынып оянады да, көрінен атып шығады. Саудыраған қу сүйек қаңқаларды сырт-сырт билетіп қылдан жіңішке, қылыштан өткір көпірмен айдап Есрафил Алланың өз алдына алып келеді. Өне, сонда тартасың жазанды! Ұрыларға, өтірікші-өсекшілерге, паракорлар мен жемқорларға, маскүнемдерге, саудагерлерге сонда бір қиыншылық болса керек...

Бұлардан кейінгі кіші періштелерде сан жоқ. Бәрі де Алланың қызметінде: бір тобы Алланың аяқ-қолын сипап отырады (аяқта сарсық бар), бір тобы белін уқалайды (белде құяң бар), бір тобы шалды желпіп тұрады (шыбын көп), бір тобы шалдың шүмегіне алтын ләген тосып тұрады (несібі тоқтамайды), бір тобы тамақ беріп отырады (шалыңыз қартая келе жебір-жемқор болып кетті)...

Кіші періштелердің миллиондаған көпшілігі күні-түні бір әуенмен, бір ғана сарынмен салауат айтып тұрады.

– Лә иләһа елла Аллаһу, лә иләһа елла Алла!..

Күні-түні бір сарынмен, тоқтаусыз айтылып тұратын салауат Хауа қыздың құлағын тұндырып болды. Өзгерілмей айтылып тұратын төрт ауыз сөз – Алладан басқа Алла жоқ! – Мағынасынан айырылып, құлағына тұрақтамайды екен. Хауа қыздың құлағына: «Жоқ, жоқ! Лә!» – деген бір-ақ сөз тұрақтап қалды.

Салауаттан безініп болған Хауа қыз жұмақ дүниесін кезеді де жүреді. Сол үшін үннің жетпейтін, естілмейтін түкпірлерін іздейді. Жұмақ бақшаларын қанша кезсе де ондай жер жоқ. Жырларға, апандарға барып тығылады. Бәрібір салауат сарыны құтқармайды. Қандай қалың тоғайдың ішіне барып ұйқтап қалса да естіп жатады. Жүйке тамырлары ылғи шертіп-шіреніп тыныс таба алмайды. Хауа қызды құдіреті күшті Алласы балшықтан илеп жаратқан. Әуелі екі маймыл, бір адам жасап шығарып еді. Қалыбы келіспей маймылдары көнтек ауыз, тайқы маңдай, сайқымазақ болып шықты. Адамы салпы ауыз, тұнжыраған тұғыр топырыш болды. Жегені нан, ішкені сыра, шүмегі салбырайды да жүреді. Дүмбілез жан. Салауат оның құлағына да кірмейтін болу керек. Тып-тыныш ұйықтайды да жатады.

Алланың өзіне жаңа қалып жасап берген Ғазазіл періштенің кеудесіне осы күннен бастап бір тәкаппарлық орнай қалды. Тәкаппарланбасқа болмайтын да еді. Алланың өзі жасай алмаған әйел мүсінінің қалыбын жасады ғой! Қандай сипат, қандай мүсін! Еркек адамның сақал-мұртына кететін, онысы-мұнысы деп аталатын олпы-солпысына кететін қанша қымбатты саз балшық сақталып қалды. Алланың өз жаратқаны бәрі бір өңкей болса, бұл сұлулықты жасады ғой! Күн жел еді. Илеуі жете қоймаған саз балшыққа Седратил Мұнтаһа бақшасында өсетін шынар ағаштың бір гүлі ұшып түсті де бірге иленіп, қалыпқа бірге құйылып кетті. Содан болу керек, болашақ анамыз әрі көркем, әрі нәзік сезімді болып жаралды. Хауа қыздың тынышсыздығы да, бір өңкей жұмақ өміріне наразылығы да сол гүлдің табиғатынан еді.

Бұрын шынар ағаштың өзі де басқа ағаштар сияқты қисық-қыңыр болатын. Гүлдері де көз тартпайтын. Жапырақтары жансыз, гүлдері бояусыз еді. Ол күнге ұмтылды, жапырақтарын жаңбырға тосты. Суықтан, желден ықтамады. Бойындағы көнбістік, керенаулық, бейжайлық құрттарын күн күйдірді, жаңбыр жуды, жел ұшырып әкетті. Қазір Седратил Мұнтаһа бақшасында бұдан көркем бір ағаш жоқ. Гүлдері қандай! Қызыл жұлдыздай жарқырап, жайнап, меруерттей тізіліп биік шынардың ұшар басына дейін құлпырып тұрады. Хауа қыздың тыныштық тауып, демалар жері де осы шынардың түбі. Шынар ағашқа Хауа қыз шешесіне келгендей қуанып келеді. Таңдана қарайды. Жас қыз осы шынар ағаштай болып өсер еді, әттең мұның тамырлары да жоқ, жапырақтары да жоқ. Қалай жаралды, солай қала барды.

Жұмақта дамылсыз ұшып, әлденені ізденіп, әлденеге наразы қалпында жүретін жалғыз ұлы періште – Ғазазіл. Өзге ұлы періштелер Алланың өзімен бірге ғаршыда тұрады. Алланың өзімен табақтас болғандарына мәз. Қарын тоқ, жұмыс жоқ жалқауланып барады, жата берді.

Ғазазілдің жаратылысына не араласқанын кім білсін, әйтеуір, ол дамылсыздығымен, жарқылдатып ұшатын қанаттарымен жұлдыздай жарқыраған көздерімен Хауа қызға қатты ұнайды. Қанаты болса бірге ұшар еді, бірге қонар еді. Алласы бұған қанат бермеген, Ғазазіл төбесінен ұшып өткенде

бір самал жел ескендей болады. Оның тынышсыздығында Хауа қызға бір ракат тыныштығы сезіледі. Бойын сергітіп жібереді.

Бір күні Алла тағала бар жұмысын бітіріп, барлық жан-жануарды көрмеге шақыртыпты. Не жаралды, не ұмыт қалып барады, – көру керек болған сияқты. Жұмақ дүниесі салауат сарынынан күңірене түсті. Сансыз періштелер салауат үстінде Алланың келуін күтті. Тағы да сол бір ұн, тағы да сол бір сарын, тағы да сол төрт ауыз сөз.

– Лә иләһа елله Алла... – Алладан басқа Алла жоқ...

Атамыз Адам сыраға мас, ұйықтап жатыр. Маймылдар қисаң-қисаң билеп жүр. Хауа қыз еш нәрсеге таңданбайтын, қызықпайтын калпында шынар ағашқа сүйенді де тұра берді.

Жоғарының жоғарысы Ғаршыдан ақ бұлтқа оранған, қолында қара шұбар жылан қамшысы бар Алла тағала түсіп келеді. Салауат басқа дыбыстардың бәрін басып тұншықтырып жіберді. Жапырақтардың сыбдыры, ескен желдің сыбыры бәрі тынып қалды.

Төрт ұлы періштелер тізе бүгіп, бас иіп қалыпты. Ғазазілден басқа періштелер түгел соны істеді. Бас имеген, тізе бүкпеген жалғыз Ғазазіл! Басын жоғары ұстаған тәкаппар калпында тұра берді. Көздері жарқырап от шашады.

Құдіреті күшті Алла көздерін Ғазазілге қадап қара шұбар жылан қамшысымен жерді нұсқады: бас и, тізе бүк дегені де. Ғазазіл басын бұрынғысынан да жоғары көтеріп қарқ-қарқ күлді. Алланың өзі жасай алмаған әйел мүсінін жасап берген Ғазазіл басын неге исін!

– Лағанат!, – деді Алла – Лағанат! – Қара шұбар жылан қамшысы Ғазазілдің мойнына келіп оралды. Дүниеге келген бірінші сөз «лағанат» еді. Алладан басқа Алла жоқ... Бас ию, құлдық, құлшылық сөзі. Енді, міне «лағанат» – құлдыққа көнбегенге қарғыс! Аллаңыздың мінезінде осындай қаталдық та бар екен.

Ғазазіл мойнына оралған қара шұбар жыланды жұлып алып даланың өзіне қарай лақтырып жіберді де, күлген бойы ұшып кете барды. Наразы кетті, құлдыққа мойын сүнбай кетті. Құлдықтан құтылғандай қуанып кетіп бара жатқанға ұқсайды, мазақтап бара жатқанға ұқсайды.

Ғазазіл ұшып кеткен соң Хауа қыз да жиынды тастап кетіп еді. Ғазазілдің Аллаға көрсеткен қарсылығына жылан лақтырысатын ойынды көрген жас балаша қуанды. Ойын бітті. Ойнаушының бірі Ғазазіл біреуін танымайды да білмейді. Содан басқа ойын болмаған соң осы күнгі жас баладан да жас Хауа қыз кетіп қалды.

Ғазазіл Хауаға келер күні кездесті. Өзі жасаған мүсіндегі қыз оған да ұнайтын. Ол бір сорлы жан ғой. Қанаты жоқ, ойы жоқ, ойыншық. Періштелер «Өлмес» ағашының жемісін жеген. Олар Әлмисақтан бұрын жаралды, мәңгі-бақи өлмек те емес. Өлмейді. Ал, мына ұшып кететін қанаты жоқ қос аяқты бейшараның күні не болмақ? Өз қолыммен жасаған осынша сұлу жаралған қызды тағдырдың ойыншығына қалдырып кете беремін бе? Мен неменеге тәкаппарландым? Алланың өзі жасай алмаған сұлу мүсінді жасағаным тәкаппарландым емес пе? Жоқ, мен бұл мүсінді Алланың жаратқаны есебіне қосып қалдыра алмасам керек.

Ғазазіл әуелі Хауа қызға да «Өлмес» ағашының жемісін жегізуге ұйғарды. Онда не болар еді? Мәңгілік азапта қала бармас па? Кешегі жанжалдан кейін өлмес жанның қандай азапта боларын өзім де сезіне бастадым емес пе? Жоқ, мен бұған

«Білім» ағашының жемісін жегізуім керек. Ең болмаса, тіршілік азабынан қалай құтылуды білетін болсын. Бакыт ұзақ өмірде емес, қызықты өмірде болатын шығар. Дүниеге бірінші болып келген жалғыз сұлуды қорлық азабына қиғанша өлімге қияйын. Жоқ, сұлуым, мен сенің кім боларыңды білемін. Сен барлық жаралғанның ішіндегі ең асылы болатын адам баласының анасы боласың. Саған өлмеу керек емес, білу керек. Сен бұл күйіңде сезінесің, безінесің, қуанасың. Бірақ, неге екенін білмейсің. Жаралғанның ең асылының анасы болу үшін білу керек. Мен саған «Білім» ағашында өсетін жалғыз жемісті жегіземін. Сенен басқаға оның лайығы жоқ!

Ғазазіл Хауа қызды құшақтап көтеріп алды да жұмақ дүниесін айнала ұшып, кезіп кетті. Періште құшағы қандай таңданарлық еді! Жылы дүниеде жүрсе де Хауа қыз құшақ жылылығын бірінші рет сезінді. Бұл ерекше жылылық екен. Жүйке тамырларының бәрін желпіндіретін жылылық. Періштенің қауырсын қанаттары қандай жұмсақ тиеді. Хауа қыздың барлық денесі балқып, еріп бара жатқандай, есі болса есінен айрылғандай еді.

Ғазазіл өз қалыбынан жаралған сұлу қызды құшақтаған бойы ұзақ ұшты. Өлімге қия алмай ұшты. Періштелер еркек те болмайды, әйел де болмайды. Оларды ақылды Алласы солай жаратқан Алласын қарғап, балағаттап та алды. Ғазазіл енді мүсінді емес, қызды қия алмай ұшып жүр.

Аяғында «Білім» ағашының төбесіне келіп аялдады да, Хауа қызға жұдырықтай ғана алтындай жалтылдаған жалғыз жемісін үзіп берді. Хауа бір тістеді де, мамықтай жұмсақ жылы құшақтың не екенін түсіне қалды. Періштенің өзін құшақтай алды. Өттен, періштенің аты – періште, ғазазіл ләззат алған жоқ. Көзін ашып-жұмғанша Хауа қыз өзін Адам атамның қасында көрді. «Білім» жемісін оған да бір тістетті. Бұған дейін жабайы, тұғыр көрінетін Адам атам да түлеп сала берді. Жымиып күліп тілге келді.

Хауа анамыздың бірінші сезінгені де, білгені де ұят түсінігі еді, ұялу керектігі еді. Кейінгі ұрпақтары ұят пен ұятсыздықты айыра білер ме, жоқ па, оны анамыз қайдан білсін, әйтеуір, оның Адам атамның бірінші айтқаны «Ұятыңды жап!» деген екі ауыз сөз болды. Соны айтты да өзі де алдыңғы жағын гүлді жапырақтармен жауып алды. Адам атамның да соны жасап берді.

Атамның ұятын жапса да ұяла қоюға мойындаған жоқ. Екі қолын бірдей оңтайлап құшақтай алғысы келетін сияқты. Қыздың денесіне көзін қадай қарап қалыпты...

– Әй, сен не ойлап тұрсың? – деді Хауа қыз қазақша.

– Сен не ойласаң, мен де соны ойлап тұрмын, – деді Адам атам.

– Ой, ұятсыз! – деді Хауа анамыз.

Осыдан кейін Хауа анамыз бен Адам атам ерлі-байлы адамша шынар ағаштың көлеңкесінде күні-түні бірге тұра бастады.

Бұл сұмдық хабар Алланың құлағына шалынбай қалар ма! Тез жетті. Бау-бақша жұмыстарын басқаратын Ғазазілден айрылған. Көлденең сөзге сене бермей Алланың Хауа анамыз бен Адам атамның өзі көз салып еді. Бұл қылықтарына қарағанда ол екі хайуан көп ұзамай жұмақ өлкесін адам баласымен толтырып жіберетіндей көрінді. Әрине, бұл екеуі «Білім» ағашының жалғыз жемісін жеп алған! Әрине, бұл Ғазазіл араласқан жұмыс, «Білім» ағашын білетін жалғыз сол!

Алла Есрафилге аллаша әмір етті:

– Өлсін «Білім» ағашы, екі хайуанға коленке болған шынар ағашы барлық гүлінен айрылсын. Екі хайуан жер деген шөл далаға айдалып кетсін! Есрафил үш рет үріп қалды: бірінші үргенде «Білім» ағашы өртеніп кетті. Екінші үргенде шынар ағашының гүлдерін өртеп жіберді. Үшінші үргенде Адам атамыз бен Хауа анамыз өздерін көгілдір мұздың үстінде көрді. Сол күні қашанғы әдеттерінше екеуі шынар ағаштың көк бұтақтарынан тоқыған шелекшемен әр түрлі жеміс теріп әкеле жатыр еді. Шынар ағаштың гүлдері лап бергенде Хауа анамыз: «Лаганат! – деп аспанға қарай оң қолын созды, – Өз айтқаның өзіңе! Лаганат саған, жауыз Алла!» Одан арғы жағы оң мен түстей: көк мұздың үстіне қалай келіп құлағандарын екеуі де білмей қалды. Анамыз шалқасынан құлапты, атамыз – етбетінен.

– Суығын-ай! – деп анамыз қызара қалған бөксесін сипалап тұра келді.

– Несін айтасың! – деп атамыз тізесін сипалады.

Сол суық әйелдің отыратын жерінде, еркектің тізесінде мәңгі қаларын екеуі де білген жоқ.

Жұмақтан айдалып кеткен екі адамның құлап түскен көк мұзы Балқаш көлі еді. Қар кеткенімен мұз әлі бұзылған жоқ-ты. Екі жалаңаш адам оңтүстікке жарқырап тұрған күнге қарай жүгіре жөнелді. Нан жемеген, май жемеген, семірмеген адамдар ор киіктей орғып, түз тағысындай жүйткіп жөнеліп еді. Сол күні Алатаудың етегіне жетіп тоқтады. Жүре келе жылынды. Тұрақтауға да болады екен. Жұмақта жоқ жемістер өседі екен, оған да үйренуге болатын сияқты. Екеуі шелекшелерінде қалған жалғыз алманы бөліп жеді де жатып қалды.

– Жаксы болғанда қандай! Осы мекенге екеуміз ғана не емеспіз бе!

– Алласы жоқ, салауаты жоқ мекен екен де? Бақытты екенбіз. Балаларымыз ешкімге бас иемей, ешкімге салауат айтып зарланып тұрмай еркін өсетін болды. Бақыт деген еркіндікте емес пе!

– Мен де солай шығар деймін.

Атамыздан гөрі көбірек ойланып жүретін анамыз:

– Бір кезде осында да Алла шыға келіп, күні-түні салауат айттырып жүрмес пе екен? – деп ең үлкен қаупін білдірді.

– Алласы жоқ, салауаты жоқ мекен болмасқа керек! – деп күні кешегі топырақ адам философиялық жауап қайтарды. – Мен көк аспанның күркіреуінен қорқамын. Осы күркіреу жер тәңірісінің үні болмаса қайтсін!

– Менің қорқынышым басқада! – деді Хауа анамыз. – Мынау ұлымыз бар-ау, осының өзі о жарлау бола ма деп қорқамын. Бір емшегімді қыпыл-құпыл сорып алады да, қызымыз еміп жатқан емшегіме жармасады.

– Сонда сен жер тәңірісі біздің балалардың бірі бола ма деп қорқасың ба?

– Оның аты тәңірі бола ма, Алла бола ма, білмеймін. Әйтеуір бір құрсақтан бірге туган балаларымыздың біреуі озбыр болғаны ұнамайды маған.

– Олай болмасын десек, не істеуіміз керек?

– Судың тазалығын үйретейік, желдің еркелігін үйретейік, ағаштардың жайқалуын үйретейік. Күннің жылылығын үйретейік. Ата-ананың достығын үйретейік. Біздің салауатымыз осы болсын, ән болсын! Өйткені, осы жаңа дүниеміздің өзі маған ән салып тұрғандай, мейірім төгіп тұрғандай сезіледі.

– Сенде болмаса, менің ішімде ән барлығы сезілмейді.

– Сен жұмақта да көп жүрмейтін едің, оны қоятын бол. Арала жана дүниені, шарлай бер. Құстардың әнін алып кел.

Балалар емшек сұрап ыңырси бастады. Ананың емшектерінен сүті саулап кетті. Бала емізу деген қандай қуаныш, қандай рақат еді! Махаббат, мейірім деген өз бойыңнан төгіліп тұрғандай болады екенсің.

Балалар анда-санда ыңырсып қояды. Ана екі баласын құшақтай отырып, балаларының ыңырсуына өзінің ыңылдауын қосады. Осылай-осылай өңдене келе, кейін бесік жыры деп аталатын бірінші ән аяқтана бастады... Өмірді ой тугызады, ән көркейтеді емес пе! Адам өмірі орнығып, ақырын-ақырын көркейе берді.

Хауа анамыз тағы бірде ойланып отырды да:

– Адам! – деді, – енді біз басқа мекен іздеп жүгіре бермейік. Қайдан келіп, қайдан түссек те біздің мекен осы. Мына бір екі ағаштың басын иіп, балаларға баспана жасап берші, түптердің түбінде адам баласы деп аталатын асыл заттың ата-анасы болудан артық бақыт болмайтын шығар.

Балаларымызды әуелі ата-ананың мейіріміне, ата-ананың махаббатына бөлейік... Көп елдер адам баласының бірінші бесігі болған біздің жер деп таласады. Олар осы күнгі жылы да көркем табиғаттарына сүйенеді. Қазақ жерінде тіпті дауласуды көтермейтін дәлелдері барын естімеген тәрізді. Адам баласының бірінші бесігі жылы жер болса, еркектің тізесінде, әйелдің отырар бөксесінде қала барған суық қайдан пайда болмақ? Ол біздің Балқаш көлінің мұзынан қалған суық! Біздікі!

Алатаудың бір қойнауында осы күні апорт деп аталатын алма өседі. Бұл алма Алатаудың қойнауынан басқа, дүние жүзінде бір жерде өспейді. Сонда осы алма жұмақтан келмей қайдан келмек? Хауа анамыз бен Адам атамyz жер бетіне бірінші түнеген орындарында алманың тұқымдары қалғаны қайда? Мұны ұмытуға болмайды.

Жер жүзінде қазақ әйелдерінен басқа да бір әйел құдайын қарғай алмайды. Дұрыс қой?! Қазақ әйелі бұзауы еміп қойса да, сүті тасып кетсе де құдайын іркілмей қарғайды. «Қу құдай! Шұнақ құдай! Құдайы құрғыр», – дей береді. Қазақ әйеліне құдайды қарғау түкіріп қалудан қиын болған емес...

Хауа анамыз шынар ағаштың гүлдері жанып лап ете түскенде алласына «лағанат!» демеді ме? Қазақ әйелінің құдайды қарғауы сол Хауа анамыздан қалғанына кім дауласар екен, кімнің бостан-бос даукес атанғысы келер екен?! Осындай нақтылы дәлелдерден кейін, адам баласының бірінші бесігі қазақ жері болғанына енді ешкім таласпас дейміз!

Дұрысында таласудың өзі де орынсыз, баяғы бір жершілдіктің қыңыратпасы. Адам баласының бір ата, бір анадан жаралғанына дүние жүзі әлдеқашан мойындап қойған. Бүгінгі ұрпақ адам баласын алаламай, тең көріп, тең ұстау жолында. Ұлы ата-анамыз жер деген мекенді ұрпақтарына түгел арнаған. Адам баласының бесігі Алатау емес, жер. Жер-Ана!

Ұлы анамыз Хауа, ұрпақтар анасы, барлық адам баласының анасы! Құрметтейік, бас иейік бүкіл адам баласының анасына! Құрметтейік, бас иейік адам баласының мәңгілік ортақ бесігі Жер-Анамызға!

Ғ.Мүсіреповтың «Таңдамалы шығармалары»



Scanned with CamScanner

Incollage

Бекітемін: 
МКҚК №1 "Қушшақ"
бобекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»
Тақырыбы: " Анам үйретеді "
"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р
Қыдыралы Л.Т

2025-2026 оқу жылы

**«Анам үйретеді» қолөнер көрмесінің
мақсаты, міндеттері мен іс-шаралар жоспары**

Көрменің мақсаты:

Ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, ана мен бала арасындағы рухани байланысты нығайту; оскелең ұрпақты ұлттық қолөнерге, еңбекқорлыққа баулу және аналардың шеберлігін, отбасылық құндылықтарды дәріптеу.

Көрменің міндеттері:

- **Тәрбиелік:** Балалардың бойында анаға деген құрметті, ұлттық дәстүрлер мен өнерге деген сүйіспеншілікті арттыру.
- **Дамытушылық:** Балалардың шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын және қол моторикасын дамыту.
- **Әлеуметтік:** Аналар мен балалардың бірлесіп жұмыс істеуіне жағдай жасау, отбасылық шығармашылықты қолдау.
- **Танымдық:** Қолөнердің түрлерін (тоқу, кестелеу, құрақ құрау, мүсіндеу, т.б.) кеңінен таныту.

Көрмені ұйымдастыру мен өткізу жоспары

Кезеңдері мен мерзімі	Атқарылатын іс-шаралар	Жауапты тұлғалар / Қатысушылар
1. Дайындық кезеңі (Көрмеге 2 апта қалғанда)	• Көрменің ережесін бекіту және хабарландыру тарату. • Аналар мен балаларға бағыт-бағдар беру (тақырыптарды таңдау). • Көрме өтетін орынды (зал, дәліз) анықтау және безендіру жоспарын құру.	Ұйымдастырушылар, сынып жетекшілері / тәрбиешілер
2. Шығармашылық кезең	• Аналар мен балалардың үйде бірлесіп қолөнер бұйымдарын жасауы.	Аналар, балалар

(Көрмеге 1 апта қалғанда)	• Дайын жұмыстарды жинақтау және әр жұмысқа автордың аты-жөні жазылған этикетка әзірлеу.	
3. Көрмені безендіру (Іс-шарадан 1 күн бұрын)	• Жұмыстарды бағыттары бойынша орналастыру (тоқыма, сурет, құрақ, бисер, т.б.). • «Анам үйретеді» деген баннер немесе тақырыптық бұрыш дайындау.	Безендірушілер, мұғалімдер
4. Көрменің ашылуы және өтуі (Белгіленген күн)	• Көрменің салтанатты ашылуы (шағын концерттік нөмір немесе аналарға арналған лебіздер). • Келушілерге (оқушылар, ата-аналар) көрмені таныстыру. • Аналардың қатысуымен қысқаша шеберлік сыныптарын (master-class) ұйымдастыру.	Жүргізушілер, аналар, көрермендер
5. Қорытындылау және марапаттау (Көрме соңында)	• Әділ қазылар алқасының жұмыстарды бағалауы (немесе «Көрермен көзайымы» дауыс береуі). • Белсенді қатысқан аналар мен балаларды алғыс хаттармен, дипломдармен марапаттау. • Естелік суретке түсу.	Әділ қазылар, ұйымдастырушылар

💡 Ұйымдастырушыға кеңес: Көрмеге тек дәстүрлі бұйымдарды ғана емес, заманауи қолөнер түрлерін де (мысалы: эпоксидті шайырдан жасалған бұйымдар, сабын жасау, заманауи кестелер) қосуға рұқсат берсеңіз, көрменің ауқымы кеңейіп, қызықтырақ болады.



Бекітемін: Асқ

МКҚК №1 "Күншуақ"

бөбекжай-балабақшасы

Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Ана мен бала – табиғатты қорғаушы"

"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р

Қыдыралы Л.Т

2025-2026 оқу жылы

«Ана мен бала – табиғатты қорғаушы» экологиялық жарыс-шарасының бағдарламасы

1. Шараның мақсаты

- **Экологиялық мәдениетті қалыптастыру:** Өскелең ұрпақтың бойында қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті ояту.
- **Отбасылық құндылықтарды нығайту:** Ана мен бала арасындағы рухани байланысты экологиялық ортақ іс (сайыс, шығармашылық) арқылы нығайту, бірлесіп жұмыс істеуге дағдыландыру.
- **Табиғатты қорғауға шақыру:** Қоғам назарын экологиялық мәселелерге (қоқысты сұрыптау, ағаш егу, табиғи ресурстарды үнемдеу) аудару.

2. Шараның міндеттері

- Балалар мен аналарға экологиялық білім мен тәрбие беру.
- Тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу, күнделікті өмірде эко-әдеттерді қалыптастыру жолдарын көрсету.
- Қатысушылардың шығармашылық, зияткерлік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту.
- Табиғатты аялау туралы мақал-мәтелдер, тыйым сөздер мен дәстүрлерді насихаттау.

3. Шараның өтілу барысы мен жұмыс жоспары

Өтілетін орны: Мектеп залы, балабақша залы немесе ашық аспан астындағы алаңқай.

Көрнекіліктер: Экологиялық ұрандар жазылған плакаттар, интерактивті тақта, қайта өңделетін заттар (пластик, қағаз), гүл көшеттері.

I кезең: Ұйымдастыру және таныстыру

1. Сәлемдесу және ашылу салтанаты: Жүргізуші шараның маңызын түсіндіріп, қатысушы аналар мен балаларды (жұптарды) ортаға шақырады. Өділ қазылар алқасы таныстырылады.

2. «Табиғат – бесігім» (Таныстыру): Әр жұп (ана мен бала) өз тобының атауын, эмблемасын және экологиялық ұранын таныстырады (өлең жолдарымен немесе шағын презентациямен).

II кезең: Негізгі жарыс бөлімі

3. «Эко-эрудит» (Сұрақ-жауап сайысы): Аналар мен балаларға табиғат, жан-жануарлар, өсімдіктер және экологияны қорғау ережелері туралы интерактивті сұрақтар қойылады.

4. «Екінші өмір» (Шығармашылық сайыс): Қатысушылар үйден қоқысқа тасталатын заттардан (пластик шөлмектер, картон, ескі маталар) жасап әкелген бұйымдарын немесе киім үлгілерін (Эко-мода) көрсетіп, қорғайды.

5. «Қоқысты сұрыптау» (Практикалық/Эстафеталық ойын): Ортаға аралас қоқыстар (қағаз, plastic, шыны, темір) тасталады. Ана мен бала жылдамдыққа және дұрыстыққа сүйене отырып, қоқыстарды тиісті жәшіктерге бөліп салуы керек.

IV кезең: Қорытынды және марапаттау

6. «Жасыл желек» (Үй тапсырмасы немесе қорытынды акция): Ана мен бала бөлме гүлін немесе аулаға егетін көшетті қалай күту керектігін айтып, шара соңында бірге ағаш/гүл егеді.

7. Әділ қазылар алқасының бағалауы: Сайыс нәтижесі бойынша жеңімпаздар анықталады. Келесі номинациялар бойынша марапатталады:

- «Табиғат жанашыры» (Бас жүлде)
- «Өнертапқыш Эко-отбасы»
- «Табиғат қорғаушы білгірлер»

Ұйымдастырушыға кеңес (Эко-айла):

Жарыс соңында қатысушылар мен көрермендерге мақтау қағаздарын электронды форматта жіберу немесе қайта өңделген қағаздан жасалған дипломдар тапсыру шараның мағынасын одан сайын аша түседі.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы



«Аналар мектебі»

«Күз молшылық айы»

*Балалардың өнер тамған оң саусақтарын шеберлікке үйрету.
Еңбекке баулу (қолонер көрмесі)*



CS Сканировано с CamScanner

InCollage

Бекітемін 
МКҚК №1 "Күншуақ"
бобекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Менің отбасым- бақыт мекені"
"Кобелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р
Қыдыралы Л.Т

2025-2026оқу жылы

"Менің отбасым - бақыт мекені"



Отбасы жоқ адам қанатсыз құспен тең. Ал бір-бірін сыйлап, бірін-бірі сүйіспеншілікке бөлеп отырған отбасы бар адамдар өте бақытты жандар. Себебі қандай да бір қиыншылық болған жағдайда, отбасының ауызбіршілігі мықты болса, кез келген қиыншылықтан жұмылған жұдырықтай өте шығасың. Ал мен өзімді ең бақытты жанға теңеймін. Себебі менің отбасым қасымда. Маған ақылын айтып отыратын атам, маңдайым иіскеп айналып отыратын әжем бар. Отбасының барлық жағдайын жасап қамқорлық көрсететін әкем, дәмді асын дайындап, күннің шуағындай мейірімге бөлейтін анам бар. Білмегенімді үйрететін ағам, менінде кішкене болса да ересек екенімді еске жиі түсіретін інім бар. Сондықтан мен өз отбасымды жақсы көремін. Менің отбасым бақытты отбасылардың бірі деп айтсам қателеспеймін. Бақытты отбасы дегенде көпшілігіміздің көз алдымызға қайратты әке, мейірімді ана, жадыраған балалар келеді. Шынында да солай. Отбасының бақыты үшін көп нәрсенің қажеті жоқ. Жанұя мүшелерінің сыйластығы, махаббаты, бір-біріне деген құрметі мен сүйіспеншілігі болса жетіп жатыр. «Үяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп қазақ халқы бекер айтпаған. Бала тәрбиесі ол дүниеге келген алғашқы күннен басталады. Ұлын ұлтжанды, қызын инабатты, сыпайы етіп өсіру ол әр ата-ананың міндеті болып табылады. «Отбасы кішкентай мемлекет» демекші, мен өз отбасыммен айрандай ұйыған, тату тәтті, бірлікте өмір сүріп жүрген қарапайым отбасымды мақтан тұтамын.

«Бақытты болу үшін бақытсыз болу керек емес. Бақытты болу үшін алдымен бақыттың не екенін білу керек. Егер адамның бақыттың не екенінен хабары болмаса, ол алтынның үстінде отырып аштан, судың үстінде отырып шөлден өледі»

Бақытты болу үшін бай немесе кедей болу қажет емес. Кез-келген адамды бақытты ететін - Отбасы-ошақ қасы. Ата-анан, бауырларың жаныңда болса онан асқан бақыт жоқ деп білемін. Таңның атысымен еркелетіп оятып, мейірлене қарайтын жылы жүзді жанарлардың болуы қаншалықты керемет екенін білсеңіз ғой. Ата-ананың сүйіспеншілігі, бауырлардың қамқорлығы бәрі-бәрі адам жанын рақатқа бөлейтін сезімдер ғой, шіркін!

Отбасымыздың ардақты да, аяулы асыл жандары атамыз бен әжеміз. Қазақы болмысты, өжеттілік пен даналықты бойымызға дарытатын көпке үлгі атамыз. Өз кезегінде әрқашан қолдау көрсетіп, тәлім-тәрбие беретін нар тұлғамыз!

Әжетайым ең жақсы адамым! Шыр етіп мына өмірге келген күннен-ақ ерекше қуанып, бауырына басып балам балым, немерем жаным деп жанымды күзеткен аяулым... Мен үйде ең алғашқы немере болдым балалық шағымда барлық назар менде болды. Тәй-тәй басқаным, былдырлап сөйлегенім бәрі үшін жаңалық болған тәп-тәтті сәбимін мен. Әжем туғанымнан бәрінен артық жақсы көріп, еркелетіп бар жақсыны алып беріп өсірді. Туғаннан баққан артық деген сөзге толықтай дәлел бола аламын. Анамды ерекше сыйлап, жақсы көремін. Өмір сыйлағаны үшін өтелмейтін қарызымның барыда рас! Бірақ әжемнің менің өмірімде орны бөлек...

Әке деген асқар тау негіз қуат,
Ақ сүт берген анашын егіз бұлақ.
Алладан соң ата-анаң разы болса,
Алдыңнан ашылады сегіз жұмақ.

Асқар тауым әкешім, арқа сүйер тірегім. «Әке» деген сөз қандай ыстық десейсің! Ойыңа алған бойда өзіңше марқая кетесің. Кеудендегі қорқыныш атаулының барлығы әп-сәтте басыла қалады. Арқанда асқар таудай әкешің бары үлкен сенімділікті оятады. Отбасын асырап, бар ауыртпашылықты көтеріп, балаларына тәлім-тәрбие беруде әке атаулының орны ерекше.

Әлемдегі ең керемет атау-«ана». Адамзат үшін оның қадірі мен қасиетін түсініп біту мүмкін емес. Алғаш көзінді ашқан кезде бауырына басып, түн ұйқысын төрт бөліп, баласы үшін жанын беруге дайын ананың махаббаты мәңгілік. Бүтінін беріп жартысын алған, барын беріп жоғына қанағат тұтқан да анамыз. Әкеміздің қабағын бағып, шаңырақтың берекесі болып отырған да анамыз. Жаратушы ана жанын нәзік, жүрегін берік етіп жаратқан.

Бауыр деген аты ерек расында,
Бауырыңды төмендетпе басынба.
Бәлкім досың қашар бір күн қасыңнан,
Ал бауырың мәңгі қалар қасыңда.

Бұл өмірде барлық адамға бауырдан асқан жақын жан табыла қоймасы анық. «Ет пен тырнақ ешқашан ажырамайды» деген сөзде түсіне білген адамға үлкен мағына жатыр. Бұл сөзде бауырға деген шексіз махаббат бар. Расыменде, бауырларымызбен қанша ұрсысып, бір-бірімізді ренжітсекте ол реніш көп өтпей ұмыт болады. Мен үшін әлемдегі ең керемет уақыттар бауырларыммен өткізген жарқын сәттер. Әлемдегі махаббат атаулысының бірі әрі бірегейі бауырлар арасындағы махаббат. Бұл сезімді сөзбен жеткізе алмайсың. Мен бауырларымды өте қатты жақсы көремін.

Мен сипаттап берген осы жандар менің тағдырымның ең қымбат сыйлары. Сізде өз отбасыңызды сүйіңіз, құрметтеңіз. Жаратушы сыйлаған ең қымбат дүниенізді бағалаңыз. Отбасымыз-тірегіміз, алынбас алтын қамалымыз. Мен осы алтын қамал ішінде өз бақыт мекенінде өмір сүріп жатқан ең бақытты жанмын.

Отбасым менің байлығам



Матветиц Терентий




Досанов Ақтөре



Марат Іңкәр

Канировано.с

Бекітемін 
МККК №1 "Күншұж" 
бөбекжай-билабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Анам үйреткен адал еңбек"
"Кобелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р
Қыдыралы Л.Т

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: "Анам үйреткен адал еңбек"

Мақсаты: Балаларға еңбек туралы терең түсінік беру. Ата-анаға құрмет, үлкенге ізет көрсетуге баулу. Еңбексүйгіштік, іскерлік, үнемілдік және жауапкершілікке тәрбиелеу.

Балалар бүгінгі біздің шеберлік сабағымызда еңбек тақырыбында болмақ. Қолынан келетін істі істесе, еңбегінің өзіне де, өзгеге де пайдасы мол, жемісті болып, еліне, халқына пайдасы берекелі болады. «Еңбек» сөзіне тоқталайық.

Еңбек адамды тәрбиелейді, қуаныш сыйлайды, жігерлендіреді, шынықтырады, пайдалы өмір сүруге үйретеді. Адамның адам болуында еңбек шешуші роль атқарған. Адамзат еңбекті, еңбектің құралдарын жетілдіре отырып, өзі де жетіліп кемелдене берген. Сондықтан қоғамның даму тарихын еңбек пен еңбек құралдарының өзгеру, жетілу тарихы деуге де болады. Тіршілік жағдайының қиындауы еңбекті күрделендірді. Еңбектің арқасында табиғат заттарын еңбек құралы етіп, отты сөндірмей пайдаланды, топтасып аң аулады, бір-біріне көмектесті. Ф. Энгельс айтқандай «Адамды адам еткен- еңбек» Балалар екі топқа бөлініп жұмыс істейді.

1 – топ. Еңбек туралы мақал – мәтелдер жазып, мағынасын түсіндіреді. Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.

Еңбектің наны тәтті,
Жалқаудың жаны тәтті.

Еңбекпен ер өседі,

Егізден төл өседі. Еңбексіз ел кезгенің, ар ұяттан безгенің.

«Еңбек түбі – зейнет», «Жақсы жұмыс – жанға тыныс», «Еңбексіз өмір – сөнген көмір», «Еленген еңбек өнімді»

2 – топ. «Еңбек – түбі мереке» әңгіме құрастыру немесе эссе жазу.

Мысалдарың тамаша! Жануарлар да еңбектенеді екен. Бірақ қанша еңбектенгенмен адам еңбегінің олардан зор айырмасы бар ғой.

Қандай айырмасы бар? Адам еңбегі оймен, санамен, ақылмен істеледі. Табиғат заттарын өңдеп, өзіне қажет, табиғатта кездеспейтін бұйымдар жасайды.

Адамнан басқа қандай жануарларнайшам жасап қараңғыны жарық етеді?

Оқушылардың мектептегі және қоғамдық пайдалы іс- әрекеті оның кейін әлеуметтенуіне үлкен әсерін тигізеді. Мамандық таңдауына, рухани құндылықтарға ие болуына, әр түрлі адамдармен араласуға, мінезінің қалыптасуына әсер етеді.

Енді оқушылардың сіздерге қояр сұрақтарымыз бар. Сол сұрақтарға кезек берейік.

1. Өз мамандығының шебері болу үшін адам өзін-өзі қалай дайындау керек деп есептейсіз?

2. Өзіңізді еңбекқормын деп санайсыз ба?

Еңбек қорлық адамды қандай қасиеттерге баулиды?

3. «Адал еңбек» деген ұғым нені білдіреді?

4. «Еңбектің жемісі» дегеніміз не?

Еңбектену тек адамға ғана тән деген пікірмен келіспеймін. Жануарлар да дамыл таппай еңбектенеді ғой. Жануарлар қалай еңбектенеді екен? Алдымен соған мысал келтірсеңші,

сонда оның дәлел болар еді ғой. Сен «Құмырсқа елінде» деген әңгімені оқыған шығарсың. Құмырсқа илеуінің ішінде қаншама «бөлмелер» бар. Әр бөлмені пайдалану ретіне қарай «аналық құмырсқа бөлмесі», «балалар бөлмесі», «азық қоймасы» т.б. деп атауға болады. Сондай-ақ бал арасының қалай ұя салатынын айтсақ та жетпей ме?

Балалар мен ата-аналар арасындағы сенімді қарым-қатынас –

бұл өзара түсіністік, құрмет пен қолдау сезіміне негізделген тығыз байланыс. Бала ата-анасына сенгенде, ол өзін қауіпсіз сезінеді және кез келген қиын жағдайда көмек сұрай алатынын біледі. Сонымен қатар сенімді қарым-қатынас балалардың тәуелсіздігін дамытады және өз-өзіне деген сенімділікті дамытады, бұл бастама көтеруге және қателесуден қорықпай шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бала өзіне сенетінін сезінуі керек. Балаға қарапайым және қауіпсіз тапсырмалар беру керек. Егер бала сәтсіздікке ұшыраса, оған бұл үшін ұрысудың қажеті жоқ. Барлық бастамаларда ата-аналар баланы қолдап, оны жиі мақтауы керек. Баланың үй шаруасына, үй жұмысына қатысуы оны жұмысқа дағдыландырады және ата-анасымен жақындастырады. Үйде бірге жұмыс істеу баланың ата-анасына деген құрметін арттырады. Ата-аналар балаға дос болуды және басқа балалармен өзін қалай ұстау керектігін үйретуі керек. Егер ата-ана балаға көмектессе, ол анасы мен әкесінің оны жақсы көретінін және әрқашан қолдайтынын біледі.

Жасөспірімдер өміріндегі ата-аналардың ролі, жағдай мысалдары. - Талқылау: ата-аналардың кеңестері маңызды шешімдер қабылдауға қалай көмектеседі? (өмірлік тәжірибе, объективті көзқарас, қолдау және эмоционалды қолдау, салдарды талдауға көмектесу, құндылықтар туралы сөйлесу). 3. Топтық жұмыс: Ата-аналардың кеңестері пайдалы болған өмір мысалдарын талқылау. Балалар үшін не маңызды: ата-аналардың кеңестері немесе олардың мысалы? Ең бастысы, ата-аналардың не істейтіні, олар қалай әрекет ететіні, 192 қандай шешімдер қабылдайтыны және олардың кеңестері ғана емес.

Сұрақ-жауап.

1. Сонымен адам өміріндегі маңызды қандай?
2. Еңбектің пайдасы қандай?
3. Еңбек арқылы танылған қандай адамдар бар екен.
4. «Еңбек – ер атандырады» деген макалдың мағынасы қандай?
5. Еңбек туралы қандай мақал-мәтелдер бар екен?

Біздің әрқайсымыздың адал еңбек етіп, ер атануға мүмкіндігіміз бар. Ол үшін жақсы оқып, еңбек сүйгіш болып өсуіміз керек. Еңбектің бағасын біліп, қастерлей алуымыз керек.



Бекітемін: 
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Ана-Отанның адал жанашыры"
"Кобелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р
Қыдыралы Л.Т

2025-2026 оқу жылы

«Ана-Отанның адал жанашыры» атты дөңгелек үстелдің жұмыс жоспары мен тұжырымдамасы

1. Дөңгелек үстелдің тұжырымдамасы

- **Тақырыбы:** «Ана-Отанның адал жанашыры»
- **Қатысушылар:** Оқушылар/студенттер, ұстаздар, ата-аналар, қоғам белсенділері және зиялы қауым өкілдері.
- **Форматы:** Еркін пікір алмасу, сұрақ-жауап, дискуссия.

🎯 Мақсаты:

Қатысушылардың бойында шынайы патриоттық сезімді, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікті ояту; мемлекеттің, қоғамның дамуына үлес қосатын, өз елінің адал әрі жанашыр азаматын қалыптастыру; ұлттық құндылықтарды ұлықтау.

📌 Міндеттері:

1. **Тәрбиелік:** Жастарға «Отан», «Ана-Тіл», «Адалдық», «Жанашырлық» ұғымдарының терең мағынасын түсіндіру.
2. **Дамытушылық:** Қатысушылардың сыншыл ойлау, өз пікірін еркін және дәлелді түрде жеткізу, қоғамдық мәселелерге талдау жасау дағдыларын дамыту.
3. **Танымдық:** Ел тарихындағы, бүгінгі қоғамдағы Отанның адал жанашыры болып жүрген тұлғалардың гибратты өмірін үлгі ету.

2. Идеялық бағыттары (Талқыланатын негізгі сұрақтар)

- «Отанның жанашыры болу» дегенді қалай түсінеміз? (Ол тек үлкен істер ме, әлде күнделікті қарапайым әрекет пе?)
- Ана мен Отан ұғымдарының егіздігі. Ана тілін, салтын сақтау — отаншылдықтың белгісі.
- Қазіргі қоғамға қандай жанашырлық жетіспейді? (Экология, мәдениет, білім, сыбайлас жемқорлықпен күрес және т.б.)

3. Дөңгелек үстелдің жұмыс жоспары

Кезеңдері	Шараның атауы мен мазмұны	Жауапты тұлғалар
I. Ұйымдастыру және дайындық кезеңі	• Шараның бағдарламасын әзірлеу, өткізу уақыты мен орнын белгілеу. • Шақырылатын қонақтардың тізімін жасау және шақыру қағаздарын жолдау. • Тақырыптық көрме (кітаптар, суреттер, слайдтар) дайындау. • Төрткіл дүниеге, Отанға қатысты бейнеролик әзірлеу.	Ұйымдастыру комитеті, жетекшілер
II. Кіріспе бөлім (10-15 минут)	• Ашылуы: Мемлекеттік Гимнді орындау. • Модератордың сөзі: Дөңгелек үстелдің өзектілігі, мақсаты мен міндеттерімен таныстыру, қонақтарды таныстыру.	Модератор, Ұйымдастырушылар

	• Бейнеролик: «Менің Отаным — менің мақтанышым» (немесе тақырыпқа сай қысқаша мотивациялық видео).	
III. Негізгі бөлім (Дискуссия) (40-50 минут)	• 1-баяндама: «Ана мен Отан — қасиетті ұғымдар» (Ананың тәрбиесі мен Отанға деген сүйіспеншіліктің байланысы). • 2-баяндама: «Адал азамат — ел тірегі» (Бүгінгі күннің батырлары мен жанашырлары кімдер?). • Еркін микрофон (Пікірталас): Қатысушылардың сұрақтар төңірегінде өз ойларын ортаға салуы, қонақтармен сұрақ-жауап.	Баяндамашылар, барлық қатысушылар
IV. Тәжірибелік/Шығармашылық бөлім (15-20 минут)	• «Егер мен...» тренингі немесе миға шабуыл: «Мен еліме, ауылыма, мектебіме қандай пайда әкеле аламын?» деген сұраққа қатысушылардың нақты идеялар ұсынуы (жобалар жасау).	Модератор, топтар
V. Қорытынды бөлім (10 минут)	• Дөңгелек үстелдің қарарын (резолюциясын) қабылдау: «Адал жанашыр болудың 5 алтын ережесін» бекіту. • Белсенді қатысушыларды алғыс хаттармен немесе ескерткіш сыйлықтармен марапаттау. • Естелік суретке түсу.	Модератор, Қазылар / Басшылық

🔹 Ұйымдастырушыға кеңес:

Шараның жалықтырып жібермеуі үшін сөз кезегін тек баяндамашыларға беріп қоймай, ортаға ашық сұрақтар тастап, аудиторияны (әсіресе жастарды) белсенді араластырып отыру маңызды. Отан туралы мақал-мәтелдерді немесе ұлы тұлғалардың нақыл сөздерін дәйексөз ретінде қолдану шараның мазмұнын байыта түседі.



Бекітемін 
МКҚК №1 "Құпшақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

**Тақырыбы: "Анамның мамандығы мен үшін үлгі"
"Көбелек" ересек тобы**

**Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р
Қыдыралы Л.Т**

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: "Анамның мамандығы мен үшін үлгі"

Мақсаты:

1. Балаларға мамандық ұғымы, мамандық түрлері туралы ой – өрістерін кеңейту, мамандықтың адам өміріндегі маңызы, мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті талап етілетіндігі туралы түсініктерін қалыптастыру;
2. Өз Отанына, еліне адал қызмет ететін, еліміздің болашағы үшін аянбай еңбек ететін азамат тәрбиелеу;
3. Өздерінің қызығушылықтары, икемділігі, бейімділігіне сай мамандық таңдау қабілеттерін дамыту;

Жоспар:

1. Тәрбиешінің сөзі

2. «Мамандық туралы не білеміз?» сұрақ – жауап

3. «Кімге қай мамандық жарасады?» ойын

4. «Мен таңдаған мамандық»

5. «Менің анамның мамандығы»

6. Рефлексия

7. Қорытынды

I. Тәрбиеші: Құрметі Балалар! Бүгінгі тәрбие сағатында біз сендермен мамандық әлеміне саяхат жасамақпыз. Сендердің барлығында да болашақта «кім боламын?, қандай мамандық таңдаймын? қай мамандық несі боламын?» деген сұрақтар мазалайтыны белгілі. Әрине мамандық таңдау – үлкен жауапкершілікті іс. Әлемде мамандық түрлері өте көп болғандықтан, сендер үшін таңдау жасау өте қиын. Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ қандай мамандық болмасын оның өзіндік ерекшеліктері, талаптары болады. Мамандықтың кез - келгенін игеруге ең басты адамның қызығушылығы, икемділігі қажет, кей адамдардың ойынша бұл жай күн көру секілді, бірақ ол теріс пікір, себебі маман несі болу үлкен жауапкершілікті, өнерді, шеберлікті қажет ететін нәрсе. Жақсы маман несі болу үшін ең алдымен таңдаған мамандығыңды сүйең керек, сол мамандықты барлық қырынан танып, сырын жете меңгерулерің керек. Өзінің икемділігі мен қабілетіне қарай маман болған адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ.

II. Сол себепті ең алдымен балалар сендер мынадай сұрақтарға жауап берсеңіздер.

1. Мамандық дегеніміз не?

2. Мамандықтың түрлерін ата

3. Жақсы маман несі болуы үшін адам нені ескеруі қажет?

4. Мамандықтың бірнеше түрін меңгерген қажет деп ойлайсыздар ма?

5. Қоғамда сұранысқа ие мамандықтар қандай?

6. Өзінің мәнін жоғалтпайтын қандай мамандықтар?

7. Жаңа заман талабына сай мамандықтың тууы немен байланысты?

8. Сен жақсы маман несі атанып, сол еңбегіңнің жемісін көруің үшін не істейсің?

Балалардың жауаптары:

1. Мамандық – біздің болашағымыз, адамның кішкене кезінен бергі арманы,

2. Дәрігер, мұғалім, прокурор, менеджер, кинолог, автомеханик т. с. с

3. Адам ең алдымен өзінің мамандығын сүйеі керек.

4. Адамның тек қана ұнатып істейтін бір мамандығы болуы тиіс.

5. Техникалық мамандықтар

6. Мұғалім, дәрігер

7. Қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты туындайды

8. Таңдаған мамандығым бойынша сапалы білім аламын.

III. «Кімге қай мамандық жарасады?» ойын

Қазіргі қоғамның өзгерісіне қарай мамандық түрлері өте көп. Сол себепті сендерге таңдау жасау оңай емес. Келесі кезекте мен сендерге мамандық атаулары жазылған карточка таратамын. Сол мамандық атауларына сендер сипаттама бересіздер және де сол мамандықтың балалардың арасында кімге сай екендігін айтып өту керексіздер.

Ақсұлу: Психолог – ол мейірімді, жайлы, кез – келген адамның жанын түсіне алатын, сонымен қатар оған ақыл – кеңес беретін адам. Қазіргі заман талабына сай психолог мамандығы – өте қажетті мамандық деп есептеймін. Себебі қазіргі кезеңде көптеген адамдарға моральдық жағынан көмек керек. Әсіресе оқушыларға емтихан кезінде немесе кез – келген қиындықтардан шығу жолдарына бағыт – бағдар береді. Психолог мамандығы топ арасында менің бөлмелесім көбірек келеді. Себебі ол кез-келген уақытта біздерге өзінің ақылын айтып, тыныштандырады.

Гизат: Мұғалім – ол қай қоғамда болмасын өзінің мәнін жоғалтпайтын мамандық. Мұғалімдік қызмет – аса үлкен білімділікті, жауапкершілікті, шеберлікті қажет етеді. Барлық маман иелері ең алдымен мұғалімнің алдынан өтеді. Сол себепті мен үшін маңызды мамандық. Топ ішінде мұғалімдік Мөлдірге жарасады. Ол өте ұстамды, жан – жақты, ізденімпаз.



CS Сканировано с CamScanner

Бекітемін А.А.
МККК №1 "Күншуақ"
бобекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Отбасындағы ана мен бала қарым-қатынасы"
"Кобелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р
Қыдыралы Л.Т

2025-2026оқу жылы

Баяндама ата-аналар доңгелек үстел

Тақырыбы: "Отбасындағы ана мен бала қарым-қатынасы"

Отбасы әлеуметтенудің алғашқы сатысы, мұнда пікірлер, көзқарастар, құндылықтар мен мінез-құлықтарды меңгере бастайды. Отбасы жағымды ата-аналар бірлестігін, бір-бірін қолдаушы ата-аналар күшін құрай алатын болса, балалар неғұрлым жақсы тұрады. Жалпы адамзат баласын толық қанды адам ететін қоршаған орта және тәлім тәрбие десек жеткіншектердің тұлғалық коммуникативтілік қабілеттерінің қалыптасуына отбасы, отбасылық қарым - қатынас, отбасының психологиялық ахуалы мен тәрбиелеу стилінің маңызы зор екені даусыз.

Жеткіншек кезеңде ер балаларда да, қыз балаларда да, бір проблемамен кездеседі: ол ата-анамен, құрдастарымен, мұғалімдермен өзара қатынасы, сонымен қатар, алғашқы махаббат, мамандық таңдау т.б.

Жеткіншектерде кездесетін негізгі проблема- бұл «ата-аналармен» өзара қатынасы болып келеді. Жеткіншек жаста бала «балалық шақта» (детской) арылады, яғни олар өзара сенімді, сыйлауды және өзіне ата-анамен тепе-тең қарым – қатынасқа түсуді қажет етеді.

Жеткіншектік жас- отбас мүшелерін әлеуметтік, тұлғалық жағынан тексеретін уақыт болып келеді. Бұл жас дағдарыс және конфликтті болып өтеді. Осылай жеткіншек балалар өз ата-аналарынан бөлінеді, тіпті оларға қарсы да тұрады. Бала осы жаста дөрекі, қатыгез, өз ата-аналарын және басқа да үлкендерді сынайтын да болып кетеді.

Жеткіншек балаларды, ата-аналары кей кездері түсінбей де қалады, өйткені ата-аналар бұл балағанеге тиым салып, неге рұқсат ету керек екенін білмей қалады. Мұның бәрі оңай жағдай тудырмайды.

Осындай жағдайлардан кейін отбасы түрлерін бес топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Ата-аналар мен балалар арасында өте жылы, достық қатынас бар отбасы.

Бұл атмосфера барлық отбасы мүшелері үшін жағымды, өйткені бұл отбасының ата-аналары балаларын түсінеді, қолдайды, сенеді. Бұл отбасындағы жеткіншектер белсенді, тәуелсіз, достық қатынаста болады.

2. Тілектестік отбасы. Бұл отбасы ата - аналары өз балаларының дамып жатқанын бақылайды, олардың өмірлеріне қызығушы аналары өз балаларының дамып жатқанын бақылайды, олардың өмірлеріне қызығушылық танытады. Бұл отбасында да конфликттер болып тұрады, бірақ бұлар ашық түрде өтіп, тез шешіледі. Бұл отбасындағы жеткіншектер ата-аналарынан ештеңені жасырмайды, оларға сенеді. Мұндай отбасында үлкендер мен кіші арасында белгілі арақашықтық сақталады.

3. Көптеген отбасында ата-аналар балаларының оқуына, күнделікті өміріне көбірек зейін аударады. Тек осылармен ғана шектеледі. Мұндай отбасындағы балаларға өмірде керекті барлық заттары бар: киім, аудио-видео, құрал жабдықтар т.б. Және өздерінің бөлек бөлмелері, қымбат жиһаздары бар. Бұл отбасындағы бөлмеде кір жатпау керек. Мұндай отбасы ата-аналарының ұрандары мынадай: «басқапаппан кем емеспіз». Мұнда анық ата-аналар мен

жеткіншек арасында конфликт көрінеді. Мұндай отбасында балаларды материалдық қамту жеткіліксіз, оларды қанағаттандырмайды. Балаларға ең керегі өздеріне деген «үлкен зейін» аудару болып келеді.

4. Балаларының соңынан аңдатын, оған сенбейтін, балаларына қол көтеретін отбасыларда бар. Мұндай отбасыларында өсіп келе жатқан жеткіншек пен ата-ана арасында конфликт болады. Кейде ол жасырын түрде де болып өтеді. Мұндай отбасындағы жеткіншектер ата-анасына деген ошпенділікті, үлкен адамдарға деген сенімділікті жоғалтады, сонымен қатар өз құрдастарына, ортаға сенімсіз болады. 5. Бұл отбасындағы атмосфера өте тығыз (критический). Үйде қысым өте көп, әлеуметтікке қарсы, мұндай отбасы ата-аналарының бірі ішкіш болып кетеді. Мұндай отбасының күйі, көбінесе жеткіншектердің қылмыс жасауына себеп болады.

Сонымен жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, көбінесе жеткіншектердің жүріс-тұрыстары отбасындағы атмосфераға байланысты екен. Егер жеткіншек ата-ананың өзіне деген махаббатын сезінсе, оған деген зейін аударуды да сезінсе, онда бұл жеткіншектік кезең оңай өтпек. Егер жеткіншек үйде ешкімге керек емес сезімін, зейіннің жетіспеушілігін сезінсе, онда бала, өзімшіл, дұшпаншыл, балаларға деген агрессияны сезініп өседі екен.

Жеткіншек жастағы балалар мен олардың ата - анасының арасындағы конфликт қиындықтың болуы, яғни жеткіншектер өз бетімен әрекет еткісі келеді, ал ата-аналар бұрынғы кішкентай кездегідей біздің айтқанымызды бұлжытпай орындаса екен дейді. Міне осыдан барып қиын конфликттер пайда болады.

Жеткіншектер үшін болған проблемалар, олардың ата-аналары үшін түк емес, өйткені олар бұл проблемаларды кезінде бастан кешіріп, тіпті ұмытып та кеткен болатын. Жеткіншектер үшін жастық шақ, проблемасыз сияқты, яғни «идеалды уақыт» сияқты, бәрі оңай секілді болады. Ал, ата-аналар үшін маңыздысы, яғни балаларына алдын-алу, ескерулерін айтқысы келеді, ал балалар үшін бұл маңызды емес болады. Жеткіншектер мұндай 35-45 жастық жауапкершіліктен, тәжірибеден, үміттен әлі алыста еді.

Үлкендер мен жеткіншектер арасында, кіммен дос болу керек екендігін, қандай мамандықты таңдау керек екендігін, заманға сай әндер, кино, сән үлгілеріне келгенде пікірлері сай келмейді. Балалар өздерін шамданып ұстайды. Ата-аналарының заманға сай емес талғамдары, жеткіншектерді тітіркендіреді.

Нәтижесінде қатынас пен сыйластық жоғалады. Бәріне бұл жағдай жағымсыз тиеді. Кім болса да, бірінші болып қадам жасау керек. Көптеген жағдайда ата-аналар қарым-қатынасты жақсарту үшін бірінші болып қадам жасайды. Өйткені олар данышпан, сонымен қатар қарым-қатынаста да тәжірибелі болып келеді. Және де проблемаларын шешуге өзіндік сананың көмектесетінін ұғынуы олып келеді.

Көбінесе жеткіншек жастағы ер бала үшін де, қыз бала үшін де өз проблемаларын үлкендердің көмегімен шешкенді ұнатады. Ата-аналардың

алдында өзінің әлсіз, қорғаусыз екенін жасырмайды, егерде отбасында эмоционалды қысым жоқ болса. Егер де қысым бар болса, онда конфликтіден бас тарта алмай қалады.

Барлық нәрсе бірге болу керек: қуаныш, күлкі, қайғы. Үміт күту, арманымыз қобалжуларымызды бірге бастап кешірсек, онда отбасын оданда жақсы тығыз қарым-қатынас болады. Жеткіншек отбасында шешім қабылданатын барлық кеңестерге тең құқылы қатысуы керек. Сонымен қатар, оның яғни, баланың да жүріс-тұрысы талқыланады.

Ата-аналар шешім қабылдағанда тек өзінің көз-қарастарын ғана ескермеу керек, яғни балалары үшін тиімді жағын қарастыру керек.

Ата - ананың міндеті - ескі өмірлік таптауырындардан бас тартып, адамдар өзара соғыспай, ынтымақтасатын жаңа таптауырындар жасау. «Жекеше» қаралатын әлеуметтендіру факторларының ішіндегі ең маңыздысы ата-ананың отбасы болып табылады, себебі бала өзінің неғұрлым қабылдағыш кезеңінде отбасының әсерін бәрінен бұрын сезінеді. Отбасындағы жағдай, оның ішінде ата-ананың әлеуметтік жағдайы, қызметі, материалдық деңгейі, білім деңгейі баланың өмірлік жолын едәуір анықтауға мүмкіндік береді. Жеткіншек үлкендерден өзінің есейгенімен, өзбеттілігімен санасуын әр сала бойынша талап етеді. Қыздар киім киюде немесе өзін күтуде, ұл бала тиісті міндеттерді өз еркімен, орындағысы келеді. Бұлардың қарсы шығатын себебі, баласына сенімбілдіргісі келмегеннен емес, оны «бала» деп бәлендей істі не тапсырманы бүлдіріп алады ғой деуінен. Бірақ жеткіншек осыған түсінбей «мені бала деп сенбей отыр», - дейді. Егер осындай қатынас көп созылса, жеткіншек пен үлкен адамдар арасында түсінбеушілік болып, бала ызаланып, ерегісуге, не негативті халде болып, үлкендер не айтса да соны орындамауға тырысады.

Жеткіншектің үлкендерді түсінбеуі, кейін оны жан-жалға, не сергелденге апарып соғады. Мұндай оқиғалар, әсіресе қалалық жерлердегі отбасыларда жиі кездеседі. Көпшілік жұрттың мақсаты үлкендердің абыройын төкпей, тіпті осылардың өзі жауапты болғанда да, қайткенде де арашалау болып табылады.

Жалпы алғанда жеткіншектің үлкендерге қоятын талабын түгел қате деуге болмайды: біріншіден, үлкендер өзінің өмірбаянын мысал ретінде келтіріп, «біз жас кезімізде мынадай болып едік» деп, өзі сол кезде қандай болса, баласы да сондай болуы тиіс десе, қателескен болар еді. Себебі үлкендердің жас кезі мен жеткіншектің қазіргі жас кезіндегі жағдайлар мен талаптар бір емес. Екіншіден, бір кісінің үйренген, не қиыншылықты жеңуге қолданған тәсілдерді өзгелердің игілігіне барлық жағдайда сіңе бермейді.

Отандық педагогтар ата-аналық тәрбие стилінің келесідей классификациясын ұсынады: босаң (либералдық), авторитарлық және демократиялық. Біріншісі қандайда бір қарым - қатынастың жоқтығымен сипатталады: отбасы мүшелерінің бір-бірінен алшақтығы, бөлектенуі, бір - бірінің сезімдеріне немқұрайды болуы. Авторитарлық стиль қатынас түрлеріне: Әрқашанда дұрыс. Отбасында ата-ананың бірі билік етеді. Тәкеппар, өрескел, үстірт,

ресми, кейде дөрекі сөзбен де қатынасады. Отбасылық тәрбие стратегиясына: Қатаң қадағалау, жазалау, «бастық бағынушы» стратегиясы қолданылады. Демократиялық стилдегі қатынас, ол отбасында баланың дербестігі дамиды. Мейірімді, сыпайы, әдепті, баланың қабілеті, мүддесі ескеріледі. Отбасылық тәрбиесі стратегиясы: Достық. Кейде өзара қамқорлық. Назар балаға аударылған: бала отбасының құндылығы ғана емес, отбасын сақтау құралы, әйел мен еркетің түйісетін ортақ нүктесін табу құралы.

Қорытындылай келе, ғылыми жұмысымыздың нәтижесіне сәйкес тұлғааралық қарым - қатынасты психологиялық нормалары бұзылған отбасына психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру туралы және ата – аналар мен балалар қарым – қатынасына келесідей ұсыныстар жасасаймыз.

1. Жеткіншек пен ата-анасы арасындағы қарым-қатынаста тұлғааралық қатынасты үлкендер достық қатынасты орната отырып жетуге болады.
2. Отбасының психологиялық жағдайын диагностикалауға арналған әдістемелердің басым көпшілігінің психокоррекциялық әсері мол
3. Психокоррекциялық іс-шараларға ата-аналармен қатар балалары да қатысуымен жүргізілсе отбасында орын алған келіспеушілік, шағымдану, басқа да қақтығыс жағдайларды талдау және оны шешу жолдарын анықтау, тіл табысу мәселерін шешу тиімділігі арта түседі.
4. Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.
5. Күнде балаңызбен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз.
6. Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз.
7. Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.
8. Балаға баға бермеңіз, оның іс-әрекетін бағалаңыз.
9. Баланың қателік жіберуге құқығы бар екенін айтыңыз.
- 10 Жалпы, өзіңізді баланың орнына қойып отырыңыз.

Отбасы - баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы. Осы ортада баланың өмірдің мақсаты, оның құндылықтары, не біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мағлұматтар меңгеріледі және онда басқалармен қарым-қатынас орнатуға дағдыланады.



Болашақ мамандар!

Арманымыз – үлкен мақсатқа бастар жол!



Сканировано с CamScanner



Мамандықтың бәрі жақсы,
өз мамандық ең жақсы!



Бекітемін 
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: «Ана – қамқоршы, бала – серіктес»
"Кобелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026оқу жылы

Спорттық шараның атауы: «Ана – қамқоршы, бала – серіктес» отбасылық эстафеталық сайыс.

Мақсаты: Таза ауада спорттық сайыс жарысын ұйымдастыру арқылы ата - аналарды балабақша өміріне араластыру. Мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір сүруге қызығушылығын арттыру. Жас ұрпаққа және ата - аналарға денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүруге қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Спортқа деген қызығушылығын арттыру, отбасының үндестікті және балалардың икемділігін, шапшаңдылығын, достыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер:

Доптар, ленталар, фитбол, қарлар, үй жануарлар, жіптер, қапшық.

Жүру барысы:

Береке де осында,

Мерекеде осында

Болып жатыр той думан

Балабақша бағында

Көңіл қойып қараңыз

Жалындап тұр балаңыз

Қатысатын топтарды

Қол соғып қарсы аламыз

(Сайысқа қатысушы ата - аналар балалармен саппен жүріп келіп, қатарға тұрады)

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті ата - аналар, тәрбиешілер және балалар. Бүгін біздің балабақшада үлкен мереке, біздің балаларымыздың ата - аналар арасында спорттық сайыс.

Сайысқа қатысушы ата - аналар «Ана – қамқоршы, бала – серіктес» атты көңілді сайысқа қош келдіңіздер!

(Ортада ән ұран ойналады)

Отбасылық жарысқа

Әділқазы береді

Жеңімпазын анықтап

Бізге айтып береді - деп әділқазыларды таныстыру.

1. Балабақша әдіскері: Асанова Л.М

2. Балабақша тәрбиеші: Қыдыралы Л.Т

3. Тәрбиеші көмекшісі: Жайнагул Нұрмұхамбетқызы

Жүргізуші: Біздің сайысымыз 6 - бөлімнен тұрады:

1. Таныстыру

2. «Кім жылдам»

3. «Бәйге»

4. «Ептілік»

5. «Тіркесіп жүгіру»

6. «Қар жинау»

7. «Қол күрес»

Өнер қуып өтер дейміз

Бір баспен өнері жетер дейміз

Сайысқа келген отбасы кезектесіп

Таныстырып өздерін кетер дейміз - дей отырып кезекті таныстыруға берейік.

«Кім жылдам»: Әр отбасылы топқа доп беріледі, кедергілер арқылы баласы жүгіріп, мәреден айналып келіп, допты анасына берді, анасы кедергілер арқылы айналып келіп, әкесіне допты береді, осылайша межеден айналады.

Бәйге түсіп жарыспай,

Жүйріктің бағы жанар ма

Білім мен өнер жараспай

Сайыстың мәні бола ма - деп келесі сайысымыз

«Бәйге»: Анасының қолында әртүрлі ленталар болады, керілген жіпке анасының қолындағы ленталарды жіпке бір - бірден байлау керек, анасы лентаны бір - бірден беріп тұрады. Осылайша сайыс жалғасады.

«Ептілік»: Анасының қолында екі ақ бет қағаз болады, қағазды алма кезек еденге қойып, дәл солай межеден айналып, қайту керек, баласы еденде жатқан жануарларды жинап, қоржынға салып, әкелу керек.

Қалма жұрттың соңында

Қажет болса мың атта

Аздық етер онында

Жету үшін мұратқа

«Тіркесіп жүру»: Анасы екеуінің орталарында шар болады, кедергілер арқылы сол шармен бірге тіркесіп, межеден айналып келеді, баласы қаппен секіріп межеден айналып келеді, межеден айналу керек.

«Қар жинау»: Балалар еденде шашылып жатқан қарларды бір - бірден шелекке жинап салу керек, қанша қар жинағанын есептеу арқылы жеңімпаз анықталады.

«Қол күрес»: Ал қадірлі халайық

Зердемізді салайық

Белімізді буып алып, бекініп

Күшімізді сынайық - дей отырып, келесі сайысымыз қол күрес, әкелер сайысады.

Жүргізуші: Қазылар орнықтырар әділдікті

Кімдердің бірліктері кәміл шықты

Бүгінгі отбасылық сайысында

Жеңіске жетер дейміз нағыз отбасысы - деп әділқазыларға сөз кезегін береміз.(ата - аналарды мадақтау)

Жүргізуші: Жарыс заңы ежелден

Жеңімпазды анықтау

Жеңімпаз болу шарты сол

Еңбектену, жалықпау

Біреу озса, сайыста

Біреу артта қалады

Жеңілгендер ренжімей

Тараса бізге жарады - дей отырып, бүгінгі «Ана – қамқоршы, бала – серіктес» отбасылық сайыс аяқталды, сайсқа қатысқан отбасыларға мың алғыс, сау болыңыздар.



Бекітемін: Асқ

МКҚК №1 "Күншуақ"

бобекжай-балабақшасы

Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Жаңа жылдық ізгі тілек"

"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р

Қыдыралы Л.Т

2025-2026 оқу жылы

«Жаңа жылдық ізгі тілек» сурет байқауының балалармен жұмыс жоспары, мақсаты мен міндеттері

1. Байқаудың мақсаты

Басты мақсат: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, олардың бойында Жаңа жыл мерекесіне деген сүйіспеншілік пен ізгілік, мейірімділік құндылықтарын қалыптастыру.

- Балалардың қиялы мен эстетикалық талғамын арттыру;
- Өз ойын, арманы мен ізгі тілектерін сурет өнері арқылы жеткізе білуге баулу;
- Мерекелік көңіл-күй сыйлау және дарынды балаларды анықтап, қолдау.

2. Байқаудың міндеттері

- **Шығармашылықты дамыту:** Балаларды сурет салудың әртүрлі техникаларын (акварель, гуашь, қарындаш, фломастер т.б.) қолдануға ынталандыру;
- **Тәрбиелік мәні:** Өзгені қуанта білуге, жақындарына, достарына, Отанына деген ізгі тілектерін (бейбітшілік, денсаулық, бақыт) өнер тілімен білдіруге тәрбиелеу;
- **Өзін-өзі көрсету:** Балалардың өзіне деген сенімділігін арттыру, өз жұмысын көпшілік алдында таныстыра алу дағдысын қалыптастыру;
- **Ынтымақтастық:** Балалар арасында салауатты бәсекелестік пен бір-бірінің еңбегін бағалай білу мәдениетін қалыптастыру.

3. Балалармен жүргізілетін жұмыс бағыттары

Байқаудың сәтті өтуі үшін балалармен келесі кезеңдер бойынша жұмыс ұйымдастырылады:

Кезеңдері	Атқарылатын жұмыс мазмұны
1. Дайындық және түсіндіру	Балаларға байқаудың тақырыбын хабарлау. «Жаңа жылдық ізгі тілек дегенді қалай түсінесіңдер?», «Ақшақар мен Аяз атадан тыс, адамдарға қандай жақсылық тілер едіңдер?» деген сұрақтар төңірегінде әңгімелесу (миға шабуыл).
2. Шығармашылық процесс	Балалардың сурет салу барысын бақылау, бағыт-бағдар беру. Түрлі түстерді үйлесімді қолдануға, композицияны дұрыс құруға көмектесу (бірақ баланың қиялына шектеу қоймау).
3. Көрме ұйымдастыру	Дайын болған суреттерден арнайы бұрыш немесе көрме дайындау. Балалардың өз туындыларын өзгелерге мақтанышпен көрсетуіне жағдай жасау.
4. Қорытындылау және марапаттау	Әр баланың еңбегін ескеріп, «Ең креативті сурет», «Ең мейірімді тілек», «Жарқын бояулар» т.б. номинациялар бойынша алғыс хаттар, дипломдар немесе кішігірім сыйлықтармен ынталандыру.

Мұғалімге/Ұйымдастырушыға кеңес: Байқау барысында баланың тек сурет салу шеберлігіне ғана емес, оның суретке салған ізгі мағынасы мен идеясына (мысалы: отбасының амандығы, табиғатты қорғау, әлемдегі тыныштық) ерекше мән берген жөн.



Бекітемін 
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: «Ана – отбасындағы адалдықтың ұйытқысы»
"Кобелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: «Ана – отбасындағы адалдықтың ұйытқысы»

Мақсаты: Ата – аналар арасында жағымды қарым – қатынас орнату, сыйластықты арттыру, отбасында балаға жақсы тәрбие беруіне ықпал жасау.

Отбасы — мемлекеттің іргетасы. Халық арасындағы «Отан отбасынан басталады» деген қағидаға айналған сөз қай кезде болсын өзгерген емес, өзгермек те емес. Отбасы – адам баласының өсіп-өніп, қанат жайып түлеп ұшатын алтын ұясы.

Отбасылық құндылықтар дегеніміз – бір-бірін сүйіп қосылған жанұялардың отбасын сақтау үшін қолданатын ежелден келе жатқан салт-дәстүрі. Әрбір отбасының өз құндылықтары болады. Ол құндылықтар ежелден бері келе жатқан немесе жаңадан шығарылған құндылықтар болуы мүмкін.

Қазіргі таңдағы отбасылар бұрынғы салт-дәстүрді ұстануда. Бірақ сол ұстанымның өзгеруіне байланысты олар әр отбасыда әртүрлі. Ол ұстанымның өзгеру себептері заманның өзгеруіне байланысты. Себебі әр замандағы адам әртүрлі. Мысалы, бұрынғы замандағы отбасы құндылықтарымен қазір өмір сүру мүмкін емес. Бұрын адамдар әйелдеріне орамалды сыйға тартса, қазіргі жас отбасылар бір-біріне гүл немесе көйлек сыйлайды. Сонымен қатар қазіргі отбасылық құндылықтарға махаббат, сенім, түсіністік және т.б жатады.

Сәлемдесу (бір-біріне алақан жылуын беру арқылы)

Сөйлемді аяқта” әдістемесі.

- Мен өз отбасымды жақсы көрем, себебі
- Мен өз отбасымды мақтан тұтамын, себебі
- Отбасы бұл
- Отбасым бақытты болу үшін ...
- Отбасымда зорлық-зомбылыққа жол жоқ, себебі ...
- Мен қалар едім отбасымның
- Мен үшін бақытты отбасы ...
- Өзімнің отбасыма көңілім толады, себебі
- Отбасымыздың ұйытқысы (кім(дер)?), себебі
- Отбасының міндеттері (кімдерге) жүктелген, себебі
- Мен үйіме асығып тұрамын, себебі

Бақыт деген не өзі? /бейнебаян көрсету: Б.Момышұлы/

Б.Момышұлының пайымдауында бақыт дегеніміз.....

Бақыт әркімнің өзіне, өмір сүрген ортасына жағдайға байланысты. «Бақыттымын» деп пәнданып, аяғын еріне басып жүрген көп кісілердің бақытсыз екенін өздері сезбеген. Тарихта дәулетке, атаққа пәнданып мәз болып, өмірін ақымақтықпен өткізгендер аз емес...

Бақыт дегеніміз — өмірді өз орнында, өз қалпында шамасы келгенше үлгілі өмір сүру. Адал болу, майдалықтан, іштарлықтан қашық болу. Мұршасы, әлі жеткенше өз заманын түсіне білу, өз қоғамымен бірге алған мақсатқа қопарыла шын көңілмен адал қызмет істей білу. Ар намысты қорғау –бақыттың шыңы, қиыншылықтармен санаспастан, азаматтық міндетті орындап шығу – ол да бақыттың шыңы. Жеңсең бақыт.

Күлкі — көңіл ажары (сергіту) (1 мин сұраққа жауап беру)

Ата-аналар сіздерге берілетін сұрақтарға яғни жағдаяттарға тек қана балаңыздың атының бірінші әріпімен жауап бересіздер?

- Тренинг ұнап жатыр ма?
- Сағат неше болды?
- Шаршадыңыздар ма?

- Үйге асығып тұрсыз ба?
- Қонақтарға не айтасыңдар?
- Психолог шаршады ма екен?
- Үй тапсырмасына көмектесесіздер ме?
- Бүгін тренингке қандай көңіл-күйде келдіңіз?
- Жиналысты ұнатасыз ба?
- Қонаққа мені шақырасыздар ма?
- Қандай ас ұнатасыздар?
- Балабақша ұнай ма?
- Үйге қалай барасыздар?
- Туган күнге не сыйлайсыз?
- Биілеп аламыз ба?
- Шайға не қосып ішесіздер?
- Сұрағым өте көп пе?
- Үйді кім жинайды?
- Төсекті ше?
- Асты кім пісіреді?
- Кешкі асқа не пісіресіз?
- Каникулда не істейміз?
- Қуанғанда не істейсіз?
- Ренжіткен адамға не айтасың?
- Сіз энергияны қайдан аласыз?
- Сұрақтар қашан бітер екен?

Қорытынды бөлім: «10-5-4» әдісі.

Алдарыңыздағы ақ қағаздарға сіз үшін өміріңізге қажетті құндылықтарды жазыңыздар. Саны — 10. (Мысалы: ақша, денсаулық, білім, үй, ағайын-туыс, тәртіп, махаббат, бала, достық, бақыт)

Енді бесеуін сызып тастаңыздар, тағы төреуін сызыңыздар. Қолдарыңызда біреуі қалды, соны оқысаңыздар. Ол көбіңізде «Бала» сөзі болар. Олай болуы заңдылық. Өйткені «Бала — ата-ананың бауыр еті», ұрпағын жалғастыра жалғасы. Әр ата-ана баласы үшін өмір сүреді. Осы басты құндылықтарымыз «балаларымыздың» тәрбие-тәртібіне аса мән берейік. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, баланы бірлесе отырып тәрбиелейік дей келе бүгінгі тренингімізді аяқтаймын.

«Ертең өсіп келеді, ертеңмен бірге адам өсіп келеді. Бізде қазір жаңа қоғам ғана жасалып жатқан жоқ, жаңа адам жасалып келеді», деген екен академик З.Қабдолов. Олай болса ертеңіміз нұрлы да жарқын болуы үшін мектеп, ата-ана болып бірлесе жұмыс жасайық. Бүгінгі кездесуге келіп қатысқандарыңыз үшін көп рахмет.

Тамырларыңыз тереңге жайылып, жапырақтарыңыз жайқалып, балаларыңыздың жемісін көріп, саялы бәйтерекке айналыңыздар!!!!



CS Сканировано с CamScanner

Бекітемін: 

МКҚК №1 "Күншуақ"

бөбекжай-балабақшасы

Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Анам жасаған тағамдар-адал еңбек жемісі"

"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р

Қыдыралы Л.Т

2025-2026 оқу жылы

«Анам жасаған тағамдар — адал еңбек жемісі» үй тағамдары көрмесінің жобасы мен жұмыс жоспары

1. Көрменің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Балалардың бойында ана еңбегіне деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру, адал еңбек етудің маңыздылығын түсіндіру және балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері:

- Балаларға адал еңбектің мәнін, үйдегі дәмді тағамдардың артында үлкен еңбек жатқанын ұғындыру.
- Ата-аналардың шығармашылық қабілеттерін қолдау және оларды балабақша өміріне белсене тарту.
- Ұлттық және отбасылық тағамдарды дайындау мәдениетін насихаттау.
- Балалардың сөздік қорын, эстетикалық талғамын дамыту.

2. Көрмені ұйымдастырудың жұмыс жоспары

№	Іс-шаралардың мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауаптылар
1	Дайындық кезеңі: Көрменің ережесін әзірлеу, ата-аналарға хабарлама (хабарландыру) тарату және мақсатымен таныстыру.	Көрмеге 1 апта қалғанда	Тәрбиешілер
2	Ақпараттық жұмыс: Балалармен «Менің анам — ең шебер аспаз», «Адал еңбек деген не?» тақырыптарында әңгімелесу жүргізу.	Арта бойы	Тәрбиешілер
3	Шығармашылық жұмыс (Үйде): Аналардың балаларымен бірлесіп тағам (тәттілер, бәліштер, ұлттық тағамдар және т.б.) дайындауы және оның жасалу барысын	Көрме қарсаңында	Ата-аналар

	суретке/видеоға түсіру.		
4	Көрмені безендіру: Балабақша фойесінде немесе топ бөлмесінде тағамдарды эстетикалық талғаммен орналастыру, атауларын жазу.	Көрме күні (Таңертең)	Тәрбиешілер, ата-аналар
5	Көрменің ашылуы және таныстырылым: Балалардың өз аналары жасаған тағамды мақтаньшпен сипаттап, таныстыруы.	Көрме күні (Түске дейін)	Балалар, тәрбиешілер
6	Қорытындылау: Белсене қатысқан ата- аналарды номинациялармен («Ең креативті тағам», «Дәмді әрі пайдалы», «Ұлттық дәм шебері») марапаттау, алғыс айту.	Көрме соңында	Басшылық, тәрбиешілер

3. Ата-аналарға арналған ұсыныстар (Көрме шарты)

- Көрмеге ұсынылатын тағамдар үй жағдайында, таза әрі табиғи өнімдерден дайындалуы тиіс.
- Тағамның қасына оның атауы және қандай құрамнан (рецепт) жасалғаны туралы кішігірім жазу (этикетка) қойылғаны абзал.
- Бала тағамды дайындау барысына (мысалы: камыр илеуге көмектесу, бетін сәндеу) аз да болса атсалыссе, шараның тәрбиелік мәні арта түседі.

Ескерту: Бұл жоспарды өз тобыңыздың немесе ұйымыңыздың ерекшелігіне қарай өзгертіп, толықтырып қолдануыңызға болады.



CS Сканеровано с CamScanner

Бекітемін: 

МКҚК №1 "Күншуақ"

бобекжай-балабақшасы

Әдіскер: Асапова Л.М

«Аналар мектебі»
Тақырыбы: "Менің анам әділ"
"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р

Қыдыралы Л.Т

2025-2026 оқу жылы

«Менің анам әділ» балалар арасындағы сурет байқауы

1. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

Байқаудың мақсаты:

Балалармен жұмыс барысында олардың бойында анаға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін арттыру; «әділдік», «мейірімділік», «адалдық» сияқты адамгершілік құндылықтарды ана бейнесі арқылы түсіндіру және балалардың шығармашылық қабілеттерін, қиялын, бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын дамыту.

Байқаудың міндеттері:

- **Тәрбиелік:** Балаларды ананың отбасындағы әділдігін, ақылшылығын бағалай білуге тәрбиелеу; адамгершілік қасиеттерді ұялату.
- **Дамытушылық:** Түрлі сурет салу техникасын (қарындаш, бояу, фломастер) қолдану арқылы эстетикалық талғамын, саусақ моторикасын және шығармашылық ойлауын дамыту.
- **Әлеуметтік:** Өз ойын, сезімін сурет арқылы жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру.

2. Байқауды өткізудің жоспары

Кезеңдері мен уақыты	Атқарылатын іс-шаралар мазмұны	Жауапты тұлғалар
1-кезең: Дайындық (Байқауға 3-4 күн қалғанда)	• Балалармен «Әділдік деген не?», «Менің анам қандай?» деген тақырыптарда әңгімелесу жүргізу. • Байқаудың шартымен және тақырыбымен таныстыру. • Қажетті құралдарды (альбом, қылқалам, гуашь, акварель, түрлі-түсті қарындаштар) дайындау.	Тәрбиешілер
2-кезең: Ұйымдастыру (Байқау күні)	• Кіріспе бөлім: Балаларға ана туралы өлең-жолдарын оқып беру немесе қысқаша жылы	Тәрбиешілер, Бейнелеу өнері жетекшісі

	лебіз білдіру. • Негізгі бөлім (Сурет салу): Балалардың «Менің анам әділ» тақырыбында өз бетінше сурет салу процесі (тәрбиеші бағыт-бағдар беріп, көмектеседі). • Сергіту сәтін ұйымдастыру (саусақ жаттығулары).	
3-кезең: Қорытындылау (Байқау соңында)	• Балалардың салған суреттерін жинақтау. • Әр баланың өз суреті туралы қысқаша айтып беруін сұрау (Анам неліктен әділ?). • Өділқазылар алқасының (тәрбиешілер, балабақша әдіскері) жұмыстарды бағалауы.	Өділқазылар алқасы, Тәрбиешілер
4-кезең: Марапаттау және Көрме (Келесі күні)	• Балабақша фойесінде немесе топ ішінде «Менің анам әділ» атты сурет көрмесін ұйымдастыру. • Барлық қатысушыларды ынталандыру мақсатында номинациялар бойынша (мысалы: «Ең мағыналы сурет», «Шебер суретші», «Жарқын бояулар») алғыс хаттармен немесе кішігірім сыйлықтармен марапаттау.	Балабақша әкімшілігі, Тәрбиешілер



Бекітемін 
МКҚК №1 "Күпшуақ"
бобекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: «Ана жүрегі – мейірім мен адалдықтың қайнары»
"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026оқу жылы

«Ана жүрегі – мейірім мен адалдықтың қайнары»

Ана – әр адамның өміріндегі ең қадірлі, ең қасиетті жан. Ол – өмірдің бастауы, мейірім мен махаббаттың қайнар көзі. Ананың жүрегінде шексіз мейірім мен қамқорлық бар. Оның әрбір әрекеті баласының бақытын ойлауға, оған қуаныш сыйлауға бағытталған.

Ана бізді дүниеге әкеліп қана қоймай, өміріміздің әр кезеңінде қолдап, демеу болады. Ол алғашқы қадамымыздан бастап, есейгенге дейін жанымыздан табылып, дұрыс жол көрсетеді. Ананың қамқорлығы мен ақыл-кеңесі әрқашан өмірімізді жеңілдетіп, қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Менің анам – мен үшін ең қымбат адам. Ол өте мейірімді, сабырлы және еңбекқор жан. Анамның жылы сөздері мен күлімдеген жүзі мені әрдайым шабыттандырады. Оның маған деген махаббаты мен қолдауы менің өмірімдегі ең үлкен күш. Әрбір ісімде анамның қолдауын сезінемін.

Анам – біздің отбасымыздың тірегі. Ол тек бізді тәрбиелеп қана қоймай, отбасымыздағы үйлесімділік пен жылулықты сақтайды. Таңертеңнен кешке дейін тынымсыз еңбектеніп, бізге ең жақсысын беруге тырысады. Оның еңбекқорлығы мен шыдамдылығы мен үшін үлгі.

Ана туралы айтқанда, оның шыдамдылығы мен батылдығын да атап өту керек. Ана өз балаларының болашағы үшін кез келген қиындыққа төтеп беруге дайын. Оның махаббаты шексіз және шынайы. Ананың жүрегі әрқашан баласының амандығы мен бақытын тілейді.

Ананың махаббаты – бұл дүниедегі ең таза әрі шынайы сезім. Ол бізге өмірдің құндылығын, адамдарға мейіріммен қарауды үйретеді. Анам әрдайым мейірімділік пен кешірімділікке баулиды. Оның ақыл-кеңесі мен жылы сөздері қиын сәттерде жолымды жарықтандырады.

Мен анама шексіз ризамын. Оның еңбегі мен қамқорлығын ешқашан ұмытпаймын. Анамның арманы мен үмітін ақтау – менің басты парызым.

Ананың алдында бас ию – әрбір баланың қасиетті міндеті.

Ана – өміріміздің шамшырағы, жүрегіміздің тірегі. Ол біздің болашағымызға сенім ұялатып, қиын сәттерде қолдау көрсетеді. Әрқайсымыз анамызды қадірлеп, оның мейірімін бағалай білейік.



Бекітемін 
МКҚК №1 "Күншұақ"
бобекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: «Анам үйреткен әдепті ойын»
"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026оқу жылы

Қазақтың ұлттық «Анам үйреткен әдепті ойын»

«Баланы ойын – өсіреді» деген даналық сөз тегін айтылмаса керек.

Бала ойнап жүріп ойланады, жүйкесі тынығады, көңіл өсіп, ойы сергиді, денесі пымырланады. Ойын арқылы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, ұлттық ерекшелік, дәстүр жайлы таным-түйсігі қалыптасады. Өздерінің құрбы-құрдастарымен қарымқатынас жасауға үйренеді. Ойындар сабақ мазмұнына сәйкес алынып, жеке және топтық жұмыстар жүргізуде алға қойған мақсатқа жеткізіп нақты қорытынды алуға көмектеседі. Жас ұрпақ тәрбиесі сияқты үлкен міндетті шешуге мектепке дейінгі қоғамдық тәрбиенің орны ерекше. Олар өмір есігін жаңа ғана ашқан жас буындар денесінің, ақыл-ойының, сана-сезімінің дамуына, адамгершілік қасиеттері мен эстетикалық талғамның қалыптасуына жағдай жасайды. Қазақ ауыз әдебиетіндегі әсіресе, балалар фольклорын дамытушы негізгі бір сала – балалар ойыны. Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады.

Ұлттық ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өрісі кең өсіп-жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. Фольклортанушы ғылым Ә.Диваев «Қазақ балаларының ойыны» деген еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: «...өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар, он бес жастан жпырма жас аралығындағы жастар...» Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, кіші топтағы балаларға лайықты: «Санамақ», «Тәй-тәй», «Айгөлек», «Соқыр теке», «Қуырмаш», «Алақан соқпақ», «Ақ серек-көк серек» т.б. ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «Тақия тастамақ», «Тартыс», «Сиқырлы қоржын», «Бәйге», «Көкпар», «Асық», «Хан талапай», «Теңге алу», «Қыз қуу», «Орамал тастамақ», «Ақсүйек», «Күрес» т.б. ойындарын жатқызуга болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тапқырлықтарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады. Сан алауан ұлттық ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып жас жеткіншектің бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге құрмет көрсете білуге, қиыншылықтан қорықпауға, мақсатқа жетуге күш-жігерін жұмсай білетін төзімділікке тәрбиелеуде ерекше мәні бар.

Тәрбиеші балалардың физиологиялық, психологиялық, ерекшеліктерін есте ұстап, ұлттық қозғалыс ойындарын балабақша өмірінде жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыра білгені жөн. Ойын жас ерекшеліктеріне сай келмесе, кері әсерін тигізуі мүмкін. Сонымен қатар ойындар баланың белсенділігін арттырып, тәртібіне де оң әсерін тигізеді, өзіне де баға бере алады. Әрбір ойын – балалардың адамгершілік жолындағы бір көтерілер баспалдағы секілді.

«Қамшы» ойын.

Шарты: Ол үшін балалар үлкен шеңбер жасап тұрады. Музыка ойнайды. Қамшы шеңбер бойымен қолданқолға өтеді. Музыка тоқтағанда қамшы кімнің қолында қалса, сол баланың оң жағындағы және сол жағындағы балалар қарама-қарсы жүтіріп келіп, қамшыны алуы керек. Қамшыны кім тез алады, сол жеңімпаз болады.

«Ала күшік» ойынының ерешеліктері мен тәрбиелік маңызына келер болсақ, оның сюжеттік мәнінде сақтықта баулитын қасиеті бар. Ойынның шарты бойынша бала қауіпті бейнеге қарсы келе жатып, өзіне белгі берілмейінше қашпайды. Бұл әрекет баланы қиындықты жеңе білуге, батылдыққа баулыса, сонымен қатар мінезін басқара білуге үйретеді. Тәрбиеші жерге дөңгелек шеңбер сызады. Бұл ала күшіктің үйшігі, бұдан 2-3 қадам жерге тағы сызық түседі, бұл сызыққа балалар жете алатындай болуы керек. Осы сызықтан 20-25 адамдай жерге екінші сызық сызылады, бұл балалардың ала күшіктен қорғанатын жері. Мұндай дайындық балалардың көңілін сөзсіз сақтыққа аударады. Тәрбиеші ойын шартымен таныстырады: Міне, жатыр ала күшік, Табанына мұрнын тығып. Маңғазданып тыныш жатыр, Бірде қалғал, бірде ұйықтап. Жақын барып оятайық, Үрмес пе екен, байқайық. Ойын барысында тәрбиеші «Ала күшік» рөлін өзі атқарады. Оның ұсынысымен балалар бір – бірінің қолынан ұстап, сызыққа жақындайды. Ортаға бір бала шығып өлең айтуы тиіс, қалғандары оны қайталайды. Осы өлеңнің соңғы шумағы айтылғанда, балалар итгі түртеді және

сипалайды. Ит өзін балалар келіп тұртіп, сипағанша көзін ашпай жатады. Кенеттен көзін ашқан ит арс-арс етіп үреді де балалрды қуады. Ал балалар үйлеріне қарай қашады. Балалардың соңына түскен ит сызыққа жеткенше ұстап қалады.

Келесі ойын «Қасқыр мен лақтар» деп аталады. Ойынның шарты: бұнда бас қасқыр болады, ал қалғандары лақтар. Санамақ санап, қасқырды таңдап алады. Ара қашықтығы 10-15 метр қора мен өріс сызылады. Ойнаушы балалар үйлерінде тұрып: Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп. Осы өлеңнен кейін бәрі дүркіреп жүгіріп, өріске беттейді. Оларды алаңның ортасындағы қасқыр қуып береді. Қолға түскен лақтар ойыннан шығып, келесі ойынға кіреді. Кім қасқырға ұсталмаса, ол жеңген болады.

Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәтте естен шығармағандары абзал. Өйткені жас бүлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін!



Адал азамат бағдарламасы бойынша



“Аналар мектебі”



канировано с CamScanner

Бекітемін Асаф
МКҚК №1 "Күншуақ"
бобекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

**Тақырыбы: «Мен анамды мақтан етемін»
"Көбелек" ересек тобы**

**Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р**

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: «Мен анамды мақтан етемін»

Тәрбиеші:

Ана... Әрбір адам осы керемет күміспен қапталып, алтынмен апталған АНА деген сөзді естіген сәтте - ақ жүрегі дір етеді. Сен осы дүниеге шыр етіп келген сәтте анаң "Бауыр етім балам", - деп ақ сүтін беріп, аялап, менің балам керемет деп мақтан тұтады.

Ана – өмірдің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Олай болса, көктемгі күндей құлпырған аналар мен ұстаздар, мерекелеріңіз құтты болсын!

Хор: Құттықтаймын, ана туган күніңмен!

Ерасыл

Өмірдің несі сен, газиз Ана,
Келтірген дүниеге нелер дана.

Анасыз батыр да жоқ, ақын да жоқ,
Өмірдің алтын кілті сонда ғана, -

дегендей көктем табиғатымен жымдасқан жылылық, шексіз мейірімділік, дүниеге жаңа келген тіршілік несіне нұрын шашып, келешекке ақ жол, адал ниет нұсқап өмір себуші асқақ құдірет несі, адам сәулетшісі – ол Ана.

Тәрбиеші:

“Ана” – әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы ақ сүтін беріп аялаған жанын да аямаған ардақтысы.

Ана – жүрек, жүректі құдірет те.

Ана – тірек, тіректі сен құрметте,

Ана – шыңың, шыңыңа сағынып жет.

Ана – күнің, күніңе табынып өт.

Кез келген адамның әдептілігі мен жан дүниенің сұлулығы, ең алдымен балаға ақ сүтін беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Ананың нәзік үні, жұмсақ аялы алақаны, жан жылуымен аялауы бізді әлдилеп жұбатады.

Мерекеніз құтты болсын анажаным,

Өзіңменен атып келед әрбір таңым.

Өмірде сенен асқан жан бар ма екен,

Алтын анам, аяулы менің, ақ мамам.

Хор: Ана туралы жыр

Ескендір: Мына өмірде бақыт жоқ қой мен білсем,

Анашымның еркелеткен сөзінен.

Еркем, күнім деп қана күліп жүрсен,

Бұдан өзге бақыт жоқ қой мен білсем.

Ақсұлу: Анам менің – өмірдегі тірегім,

Анам менің – кеудемдегі жүрегім.

Егер менің қасымда сен болмасаң,

Бұл өмірде қалай ғана жүремін.

Тәрбиеші: Аналар – ауасы мен суы, тасы мен құмы аргы дүниеден жеткізілген, киелі топыраққа біткен ғажап гүлдер тәрізді тартымды. Бойына даналық дарыған. Аналардың жан сарайын ұғынған сайын олардың күндізін мен түнін шуаққа бөлеген, жаныңды елжіретер мейіріміне қайран қаласың.

Шырылдап дүние есігін мен ашқанда

Қасымда болдың алғаш сен анашым.

Ақ сүтіңнен мен алғаш дәм татқанда

Мейіріммен жақсы көрген баласын.
АНА, АНА, АНА! Не деген мейірімді, шапағатты сөздер еді! Осынау үш әріптен құралған қасиетті сөздің түп төркінінде қаншама ұлы сезім жатыр десеңші! Сезім мен қасиетті бар махаббат пен шапағатты сыйдырып тұрған ана сезімін қадірлемейтін жан бар ма екен? Жақсылық атаулының барлығы да ананың ақ сүтінен жаралған, Аяулы да алтын нұрлы анашым,
Жүрегіммен мәңгі бірге боласын.
Сен – асқарсын, сен - аспансын, биіксің,
Сен - дарқансын, сен – жомартсын, данасың.
Ән: Ақ мамам
Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың
Өміріме нәрің берді ақ сүтің,
Кең құшағың – аясындай гүл бақтың.
Келесі кезекте аналарға арналған ән шашу, балалардың өнерлерін тамашалайды.
Құрметті аналар, ешқашан қартаймаңыздар, көктемгі гүлдей құлпырып жүріңіздер дей отырып өздеріңізге арналған тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.



Бекітемін 
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Ана мейірімі- балаға шуақ"
"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р
Қыдыралы Л.Т

2025-2026оқу жылы

Баяндама ата-аналар дөңгелек үстел

Тақырыбы: "Ана мейірімі- балаға шуақ"

«Еліміздің болашақта қандай болатыны

балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты» Тәрбие баланы қоғамдық өмір мен өндірістің шарттарына бейімдеу, араластыру қажеттілігінен туындаған. Осының нәтижесінде қоғамдық өмірге бейімделмеген балалар есейе келе, өз өмірін және еңбек қабілетін жоғалтқан, алаңсыз өмір сүретін үлкендердің қатарына жататын болады. Педагогика мен психологияда *тәрбие* – бұл адамдарда қоғам ұсынатын әлеуметтік және педагогикалық талаптарға сәйкес жоғары азаматтық-саяси, моральдық-адамгершілік, психологиялық және дене сапаларын, мінез-құлық дағдысы мен әрекетін қалыптастырудың мақсатты үдерісі. *Тәрбие – шектеулі мағынада* – бұл қандай да бір нақты тәрбие беру міндетін шешу; *тар мағынада* – бұл балаларда тұлғаның әлеуметтік-дамыған белгілі сапалар, дамыған көзқарастар мен сенімдердің жүйесін қалыптастыруға мақсатталған тәрбиелеу қызметі.

Тәрбие – кең мағынада қоғамдағы адамның

жан-жақты дамуы үшін мақсатты жағдай жасау (материалдық, рухани, ұйымдастырушылық) түсіндіріледі. Әдетте ата-аналары балаға бір нәрсеге неліктен рұқсат етілетінін, ал басқа нәрсеге неліктен рұқсат етілмейтінін түсіндіріп жатпайды. Ата-аналық өктемшілдікке негізделген тәрбие стилі баланың күшті тұлға болып дамуына жағдай тудырмайды. Мұндай балада өзіндік таңдау жасау мен шешім қабылдау, шығармашылық немесе кәсіби бастама, жауапкершілік пен тәуелсіздік үрдістері аз байқалады.

Осындай балалардың болашақ өмірінде невротикалық ауытқулар дамиды. Мұнан былай олар өзін өмірге бағыттап, нені қалай жасау керектігін айтып беретін адамдарды іздеп жүргендігін аңғармайды (яғни, іс жүзінде олардың өктемшіл ата-анасының орнын басатындарды іздейді). Нәтижесінде мұндай адам болып бастығы немесе әйелі немесе күйеуі шығады. Ата-аналар балада өзі туралы шамадан тыс жақсы түсініктер қалыптастырады («Сен ақылдысың! Сұлусың! Басқалардан ерекшесің!») және өз қажетіне қарай осылайша айла-шарғы жасайды. «Димаш, сен ең ақылды баласың! Анаңның өтінішін орындашы!» немесе «Ботам, сен менің ақылдымсың! Үлкендердің айтқанын тыңда!»).

Мұндай ата-аналар балаларды шамадан тыс қамқорлыққа бөлейді. Олар өз балаларына өте сирек ұрысады, бірақ ең бастысы – оларды нағыз еңбектің ауыртпалығынан немесе нағыз қиыншылықтардан барынша қорғаштайды.

Мұндай жағдайда бәрінен оңайы ата-аналық иландыру жүргізу:

«Біздің Димаш заң факультетіне оқуға барады, ол өте қабілетті», «Димаш бұл жаман қызбен кездеспейді, солай ма, Димаш?». Осылай тәрбиелеу нәтижесінде баланы өзіндік сезім кернейді, басқа адамдарға залал келтіретін

шамадан тыс өзімшіл және қанша таңқаларлық болмасын басқа ақылды адамдармен жеңіл басқарылады. Шынында, ол өмірінің соңына дейін түйсіксіз түрде оны барлығы жақсы көрген, мәпелеген және ешқашан қарсылық көрмеген балалық шағының шарттарын қайталауға ұмтылады. Мұндай адамдардың проблемасы өмір оларға қатаң сынақтар қойып немесе өздігінше бірдеңені жасау керек қажеттілігінен туындайды. Осыдан келіп олардың күш-қуаты кемігені байқалады.

Мұндай адамдардың басқалармен қатынасы қолайлы болуы мүмкін, бірақ олар өздерін айрықша тәкәппар ұстайды. Бұл қағиданы басшылыққа алатын ата-аналар балаға немқұрайды қарайды,

кейде тіпті менсінбеушілікке дейін жетеді. Осындай ата-аналармен тұратын балалар өмірлік бағдары болмағандықтан,

өмірдегі орнын әрең анықтайды. Олар қайда бет алу керектігін, не істеу керектігін, неге ұмтылу керектігін түсінбейді. Егер өктемшіл ортада тәрбиеленген балада өктемшіл ата-ана түріндегі қандай да бір бағдар болса, мұндай балаларда өмірде тіреніш ететін ешқандай бейне жоқ. Олар ата-аналарына жиі айтылмаған жиіркенішті сезінеді. Жоқ,

мұндай балалар бастапқыда ата-аналарынан мейірімділікті, махаббат пен жылылықты күтіп, оған өзі ұмтылуы мүмкін, бірақ эмоционалдық қатандық немесе немқұрайдылыққа тап болып, ақыр аяғында өз-өзіне келіп тұйықталып қалады. Ата-аналық тәрбиенің үш қағидасын және осыдан келіп туындайтын тәрбие стилін қарастыра отырып, балаларды бұлай тәрбиелеуге болмайды деген стильді көрсетеді: балаға іс-әрекет дербестігі мен шешім қабылдау еркіндігін бермей, шамадан тыс өктем түрде; балаға қиыншылықтарды бастан кешіріп, өз әрекетінің салдарын сезінуге мүмкіндік бермей, шамадан тыс қамқорлық көрсету түрінде; балаға жеткілікті көңіл бөлмей, жақсы көрмей, шамадан тыс немқұрайды қарау түрінде

ТӘРБИЕЛЕУГЕ БОЛМАЙДЫ



"Адал азамат - бір тұтас бағдарламасы"

"Аналар мектебі"



Дөңгелек үстел: "Ана мейірімі - бала шуақ"



incollage

Бекітемін Асф
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

**Тақырыбы: «Ана мен бала – қайырымды жүрек»
"Кобелек" ересек тобы**

**Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р**

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: «Ана мен бала – қайырымды жүрек»

Мақсаты: Бала тәрбиесі дамуындағы басты рөл атқарушы - отбасы.

Сондықтан ата - ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу.

ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.

Қош келдіңіздер, құрметті ата - аналар.

1. «Танысу» жаттығуы

Алдымен бір бірімізбен амандасып алайық. Амандасуды кішкене өзгеше өткізгім келіп тұр. Қызыл түс белгілер қол алып амандасады, Сары түс дауыс арқылы, Көк түс мимика арқылы бір бірімізбен амандасып алайық.

2. «Қызықты сұрақтар» ойыны. (доп лақтыру арқылы)

1. Балаңыздың туған күні?
2. Сынып жетекшісінің толық аты-жөні?
3. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
4. Балаңыз қандай өлшемде аяқ киім киеді?
5. Балаңыздың досы кім?
6. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
7. Балаңыздың бірінші тісі қанша айында шықты?
8. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
9. Балаңыз сізді ренжіткенде, ең алдымен, қандай сөз аузыңызға түседі?

3. Жаттығу «Бақыт деген не өзі»

Кез келген адамнан өмірдегі ең қалаулы нәрсесі не екенін сұраңызшы. «Мен тек бақытты болғым келеді» Біз бәріміз де сол үшін өмірге келгенбіз. Бірақ бақыт деген не?

Ата – аналар, қатысушылар өз ойларымен бөліседі. Әрине «Қанағат қарын тойғызады», ендеше қанағат болған жерде бақыт та болады. Басқаларға қуаныш, бақыт сыйласаң, өзінде бақытқа кенелесің. Өмірдің қызығы да осында!

4. Жаттығу «Аяқталмаған сөйлем»

1-топ:

Сәби бақыты, ол –

Ата – ана бақыты, ол –

2-топ:

Әйел бақыты, ол –

Ер – азамат бақты, ол –

3-топ:

Ұстаз бақыты, ол –

Отбасы бақыты, ол –

Барлықтарыңыздың пікірлеріңізге көп – көп рахмет.

5. «Балама қандай жылулық беремін?»

Күннің суреті салынған ватман. Сіз жылуыңызды беріп жатқан күнсіз. Сізден тарап жатқан шуақтарды қалай деп атайсыз. Ата-аналар шығып балаларына күн сияқты қандай жылулық беріп жатқандарын жазулары керек. Мысалы: «Мен баламды мейірімді, жылы сөздер айтып оятамын», «Мен балама күніне бірнеше рет жылы сөздер айтып аймалаймын», «Мен мейірімдімін» т.с.с. Енді шуақты күнімізге қарайықшы. Ол да аспандағы күн сияқты өзінің жылуын, мейірімін уақыт таңдамай, орын таңдамай сыйлап жатыр. Біз де, ата-аналар, өзіміздің балаларымызды ешқандай талап қоймай жақсы көруіміз керек.

6. «Жүрек жылуы» жаттығуы

Қатысушыларға кішкене жүрекшелер таратылады.

Тренингке қатысушы аналар....

«Менің сен сияқты керемет анаға тілейтінім!». деген ойды жалғастырулары керек. Бір-біріне деген жақсы лебіздерін білдіреді.

Қорытынды. Ата - анаға көз қуаныш,

Алдына алған еркесі,

Көңіліне көп жұбаныш.

Гүлденіп ой - өлкесі,- деп Абай атамыз ата - ананың қуанышы, гүлденген үміт, арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, ата - аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Адам да өмір сияқты, күлмесе жайнап өспейді дейді. Егер ата - ана мен мектеп өзара тығыз байланыста болса, балаларға бірдей талап қойып отырса, тәуелсіз еліміздің ұл - қыздары жан - жақты дамыған азамат болып шығары сөзсіз Адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі - баланың ата - анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі.

Бала – ата - ана өмірінің жалғасы. «Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін» деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа бір қатер төнгенде мойындарына бұршағын салып, «Өзімді алып, баламды аман қалдыр!» деп құдайға жалбарынған ата - аналарымыз аман - есен жүрсін деген тілекпен бүгінгі тренингімізді аяқтаймыз.

Ананың кезі бар ма кекті болған,

Оқыста жүрек түсіп кетті қолдан.


Ұмтылса, топырақта жатқан жүрек:

«Құлыным,байқасаңшы», - депті оған ...

Адамның бауыр еті, жүрегі бала. Сондықтан да осы жүректі аялы алақандарыңызбен ұстап балаларыңызға деген ақ тілектеріңізді жеткізіп бір-бірлеріңізге беріңіздер



Сканировано с CamScanner

Бекітемін 
МКҚК №1 "Күнптуак"
бобекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

**Тақырыбы: «Ана менің - қорғаушым»
"Көбелек" ересек тобы**

**Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р**

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: «Ана менің - қорғаушым»

Мақсаты: Балаларға ата — ана алдындағы парыз бен қарыздары туралы түсінік беру. Мейірімділікке, сый — құрметке тәрбиелеу, ұлтқа тән жақсы қасиеттерді қалыптастыру.

Жүргізуші: Саламатсыздар ма, құрметті ұстаздар,

Ана, Ана, Ана!... не деген мейірлі, не деген шапағатты сөз еді осынау үш әріптен құралған қасиетті сөздің түп төркінінде қаншама ұлы сезім жатыр десеңізші. Сезім мен қасиетті, бар махаббатпен шапағатты тудырып тұрған ұлы ана сезімін қадірлемейтін жан бар ма екен бұл өмірде? Жақсылық атаулының барлығы да ананың сүтінен таралған. Сондықтан да құрметті асыл аналар, қадірлі апайлар, қызғалдақ қыздар бүгінгі «Ана — өмірдің шуағы» атты тәрбие сағатымызды сіздердің құрметтеріңізге арнаймыз.

Бүгін – наурыздың сегізі Анасыз жоқ бір үнің,
Сұлулықтың негізі! Әжесіз жоқ бір күнің,
Әдемі сөз — Ұсынамыз бүгін
Адамның Сөздің сұлу шоқ гүлін.
Анаға айтар лебізі.

Алдияр: Ана дейміз бәріміз де аңқылдап,
Ана дейді жас сәби де жарқылдап
Ана деген бәйтерегі өмірдің
Ана деген – алтын қазық, алтын бақ
Ана деген – асыл жандар бұлақтай
О адамдар қадірлей біл ананы
Жат қылыққа ақыл — ойды тонатпай

Ақсұлу: Ана десем сезім білер тым ыстық
Жарасымды адамдарға туыстық
Бар адамға берсе ананың мейірін
Орнар еді бар әлемге тыныштық
Аягөз: Бүгін – наурыздың сегізі
Сұлулықтың негізі
Әдемі сөз – Адамның
Анаға айтар лебізі

Тәрбиеші: Мама – бұл сөз әр бір халықтың тілінде бар. Барлық тілде мейірімді, жылы естіледі. Ана дегеніміз әлемнің жан дүниесі. Ол тіршілік үлкен тағдыр. Ана сөзі біздің елең еткізбей жылылық пен шуақты сездірмей қоймайды. Әр бір ана өз баласының сүйікті досы, мақтанышы. Бізге әсіресе ананың еңбегі мен ерлігі мақтаныш. Ана махаббаты адамға қанат бітіреді, күш береді, ерлікке рухтандырады.

Ерасыл: Анаға арнап ақ тілектер айтар күн,
Әкеге арнап, марапатты бастар күн.
Бүгінгі күн мәңгі есте сақтар күн.
Бүгінгі күн есінде мәңгі жастардың.

Ибраһим: Дүниенің ең қымбаты ана екен,
Ананың ең тәттісі бала екен.
Түн ұйқысын төрт бөліп тәрбиелеген,
Ананың орыны бөлек дара екен
Балаға ана еңбегі парыз деймін,
Еңбегін өтеу бізге қарыз деймін.
Меккеге апарса да өтелмеген,
Ұрпаққа бұл өсиет аңыз деймін,
Ана мерекесі құтты болсын.

1. «Ассосация» әдісі.

АНА → Асыл жан, мейірімді, қамқоршы, инабатты, сыпайы, ардақты

2. Сұрақ – жауап.


1. Ата – ананың ақысы немен өлшенеді?

2. «Ата — анаңа не қылсаң алдыңа сол келер» дегенді қалай түсінесің?

Ана туралы өлеңдер мен мақал – мәтелдер .

Тәрбиеші: Ана адамзат мекен еткен жер шарының әр түп жерінде, әр үйде мейірім мен мерейдің достық пен туысқандықтың туын тіккен адам. Адамзат ең алдымен ана алдында қарыздар. Алақаныңа қуырдақ қуырып берсең де, ана борышын өтей алмайсың. Ана парызы алтыңға бөлеуді, ақ орда салуды қаламайды, ана баласының ер жігіт, адам болуын қалайды. Анаға осыдан артық тарту таралғанның жоқ.

Қорытынды: Анаға -деген ыстық сезімді үйреніп білді.Соңында оқушылар өз өнерлерін ,ән,өлең шумақтарын,билерін арнайды.



Бекітемін: Асқ

МКҚК №1 "Күншуақ"

бобекжай-балабақшасы

Әдіскер: Асапова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Анамның мамандығы мен үшін үлгі"

"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р

Қыдыралы Л.Т

2025-2026 оқу жылы

«Анамның мамандығы — мен үшін үлгі»

Сабақтың / Шараның мақсаттары

- **Білімділік:** Балаларды әртүрлі мамандық иелерімен (әсіресе аналардың мамандықтарымен) таныстыру; мамандықтардың қоғамға тигізер пайдасы туралы түсініктерін кеңейту.
- **Дамытушылық:** Балалардың сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту; анасының жұмысы туралы мақтанышпен айта білуге, сұрақтарға толық жауап беруге баулу.
- **Тәрбиелік:** Ана еңбегін қадірлей білуге, үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу; болашақ мамандыққа деген қызығушылықтарын ояту.

☐ Шараның барысы мен жоспары

I. Кіріспе бөлім (Ұйымдастыру кезеңі)

- **Шаттық шеңбері:** Балалармен жылы амандасу, «Анамызға жылы лебіз» (әр бала анасына арналған бір жақсы сөз айтады).
- **Ой қозғау:** «Мамандық деген не?» сұрағы төңірегінде қысқаша әңгімелесу. Аналардың біз үшін және қоғам үшін атқаратын қызметіне назар аудару.

II. Негізгі бөлім

- **«Менің анам — ең үздік...» (Әңгімелесу):** Балалар өз аналарының кім болып жұмыс ішетінін, жұмыста не істейтінін (дәрігер, мұғалім, аспаз, тігінші т.б.) кезекпен мақтанышпен айтып береді.
- **Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»**
Шарты: Тақтаға немесе үстел үстіне түрлі мамандық құралдарының суреттері (стетоскоп, ожау, бор, қайшы) қойылады. Балалар сол құралдардың қай мамандыққа (қай анаға) тиесілі екенін тауып, сәйкестендіреді.
- **Сергіту сәті:** Мамандықтарға байланысты қимыл-қозғалыс ойыны (Мысалы: «Аспаз көже пісіреді, тігінші киім тігеді...» деп қимылмен көрсету).
- **Шығармашылық жұмыс (Сурет немесе жапсыру):** «Анама көмекші құрал». Балалар анасының мамандығына қажетті бір заттың (мысалы, дәрігерлік қоржын, мұғалімнің кітабы немесе әдемі гүл шоғы) суретін салады немесе дайын пішіндерден жапсырады.

III. Қорытынды бөлім

- **Сұрақ-жауап (Рефлексия):** «Бүгін кімнің анасының мамандығы туралы білдік?», «Өскенде анаң сияқты кім болғың келеді?» деген сұрақтар арқылы сабақты бекіту.
- **Жүректен жүрекке:** Балалар өз қолдарымен жасаған шығармашылық жұмыстарын үйге барып аналарына сыйлайтынын айтып, шараны жақсы көңіл-күймен аяқтау.

💡 **Әдістемелік кеңес:** Егер мүмкіндік болса, осы шара аясында бірнеше ананы (мысалы, дәрігер немесе аспаз ананы) арнайы қонаққа шақырып, балаларға өз мамандығы туралы қысқаша көрсетілім жасатуға болады. Бұл балалардың қызығушылығын арттыра түседі.



Бекітемін 
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

**Тақырыбы: «Ана – отбасының берекесі»
"Көбелек" ересек тобы**

**Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р**

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: «Ана – отбасының берекесі»

Мақсаты.

1. Балаларға ана туралы ананың өмірде алатын ерекше орны туралы мағлұмат беру.
2. Ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілік, ананы құрметтеп сыйлауға тәрбиелеу.

Ана өмірдің қолдаушысы әлемнің.

Шаңырақтың шаттығы мен шуағы.

Сейілмесін жанарына ананың.

Тіршілікке төккен нұрлы шуағы.

Аялайық аналарды әрдайым.

Қуанышқа бөлейікші өздерін,

Әжелердің аналардың қыздардың.

Мұң шалмасын күлім қаққан көздерін.

Ана – барлық өмірдің бастауы. Ол адамды өмірге әкеледі, оны тәрбиелейді, өсіреді. Адам бойындағы барлық асыл қасиет күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен дариды. **Ана – ұлы адам. Ана күдіретті жан,** ендеше бүгінгі біздің **Ана – өмірдің шуағы** атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер.

Жүргізуші:

Аяулы аналар! Ана бұл аяулы да мейірімді жан. Баланың тілі шыққаннан-ақ бірінші сөзін ана деп атайды. Өмірдің есігін ашқаннан соң осы өмірдегі өзіңнің жан анаңды көресің.

Адамды дүниеге әкелетін, өмір сыйлайтын күдіретті ана емес пе?

Сол күдіретті несінің алдында бәріміз де бас иогө тиіспіз.

Ақ сүтінен жаралған,

Ақ сүтінен нәр алған,

Анаға бас неміз!

Хор. Ана туралы жыр.

Ақсұлу:

Ана десем – алғыс алам халқымнан!

Ана десем – теңіз балам шалқыған.

Ана десем – ашылады қабағым,

Ана десем – әділдікті ұтамын.

Ерасыл:

Анасыздар, кең байтақ даласыздар,

Жаны жайсаң жеңімпаз данасыздар.

Көлеңке жоқ көңілінде, қылау жоқ,

Үлбіреген жауқазын баласыздар.

Жүргізуші:

Әйел – ана, әйел – өмір, әйел – тіршілік өзегі.

Өмір бесігінде бала тербетіп, адамзат баласына ұрпақ сыйлап ұлы күдірет несінің есімі әрқашанда қастерлі сөз – өсиет, тұғыры биік.

Қазақша би. Қыздар

Аягөз:

Тал бесікке тірлікті ілмектеген,

Мадақтауға ананы тіл жетпеген.

Алатаудың шыңына ту тігеді,

Анасына той жасап құрметтеген.

Ескендір:

Ана – өмірдің қуанышы жүрегі,
Бала оның жұбанышы жүрегі.
Ана алдында ел жауы да бас иген.
Олар дәйім тыныштықты тілейді.

Алдияр:

Ана дейміз бәрімізде аңқылдап,
Ана дейді сәби де жаркылдап.
Ана деген – бәйтерегі өмірді.
Ана деген – алтын қазық, алтын бақ.
Ана деген – асыл жандар бұлақтай
О, адамдар қалірлей біл ананы
Жат қылық ақыл – ойды танытпай.

Жүргізуші:

Ана - деген асыл сөз,
Құрметтей біл, сен оны.
Анадай адам табылмас,
Араласаң әлемді.
Ардақтай біл сен оны,
Баға жетпес адамды.
Қалірлеймін әрқашан,
Ақ жаулықты анамды.
Үкілі кәмшат бүрмелі көйлек,
Тұрғандай өзі қимылсыз билеп.
Иықтан шашын төгіліп жерге,
Күмістей шашпау жарасып белге.
Келесі кезек. Аққу биі.

1. Жүргізуші.

Ана – өмірдің жыры тіпті айта берсең сөз жетпейді. Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді деген екен бір ғұлама.

2 Жүргізуші:

Расында да бар әйел қауымынсыз мына әлемді елестету мүмкін емес. Бүгінгі қоғам өмірінің әйелдер араласпайтын саласы жоқ десе де болады. Бір ғалым, бірі саясаткер, енді бірі дәрігер, кәсіпкер, тізе берсең жалғаса береді. Солардың бірі осы отырған аяулы ұстаздар:

Ән: Ақ мамам. орындайтын Ақтөре

1 Жүргізуші:

Ана – барлық қиындықты жететін сарқылмайтын қуш, тіршіліктің қайнар бұлағы. Олар үшін бірінші орында отбасының берекесі тұрады.

2 Жүргізуші:

Ана адамзат мекен еткен жер шарының әр түп жерінде, әр үйде мейірім, мерейдің достықтың пен туысқандықтың туын тіккен адам.

Ендігі кезек.

Нақыл сөздер мен мақал – мәтелдер

Дүниеде ана махаббатынан қасиетті нәрсе жоқ.

Оның алдында адамды нәрсе жоқ. Оның алдында адамдыынтымақтырушы өзге дүниелер әлсіз келеді.

В.Г.Белинский

Нәзіктік атаулының жнынтығы – ананың алақаны, сондықтан да ол сәби үшін ең жылы ұя. **В. Тютю.**

Өлемдегі өзгермейтін үш – ақ зат бар, ол ананың ақ сүті, күннің нұры, сәбидің күлкісі.
М. Горьский.

1. Ананың сүті – бал,
Баланың тілі – бал.
2. Жәһнаттың кілті-ананың табанының астында.
3. Ана алақанның аясы,
Ақ шатырдың саясы.
4. Анасыз өмір – сөнген көмір.
5. Баланың білегі ауырса,
Ананың жүрегі ауырады.
6. Ана сүтін ақтамағанды, ешкім мактамайды.
7. Аналы баланың өзі тоқ,
Анасыз баланың көзі тоқ.
8. Ана – барлық көркемдіктің үлгісі.

9. Ағайын – алтау.

Ана – біреу.

10. Ана алдында – құрмет,
Ата алдында – қызымет.
11. Анаңа ауыр сөз айтпа,
Атаңа ауыр жүк артпа.
12. Күннің шуағы – жылы,
Ананың құшағы – жылы.

2 Жүргізуші:

Күй барма ана үшін тартылмаған,
Өн бар ма ана үшін айтылмаған.
Ешқашан ананы аңсат тұла бойы,
Балалық тәті сезім сырламаған.
Жарқылы көңілімнің, пейілімін,
Ол ананың ақ сүті – мейірімінің.

Кеңес күйі:

1 Жүргізуші: Ойын Жылы сөздер

Ойын шарты: Аналар қолдарына әріптер таңдайды. Таңдаған әріптерден басталатын жылы сөздер айтады.

(А, Б, Қ, К, Ж, Е, Т, С).

2 Жүргізуші: Ойын Аялы алақан.

Ойын шарты: аналардың көзін байлап, оқушылардың ішінен өз балаларын тапқызу.

(Аналарды сөйлету)

Адамзат қуат алар ақ сүтінен,

Мәпелеп әлдилеген пейілің кең.

Аналық махаббатың кәусар бұлақ.

Сөнбейтін ақ жүрегің мәңгі шырақ –деп ортаға құттықтау сөз кезегі.



Бекітемін 
МКҚК №1 "Күншуақ"
бобекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М.

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Бала денсаулығы - ананың басты байлығы"
"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р
Қыдыралы Л.Т

2025-2026оқу жылы

Тақырыбы: "Бала денсаулығы - ананың басты байлығы"

Мақсаты:

- Балалардың өз пікірлерін тыңдай отырып, қосымша мәліметтер бере отырып денсаулық құндылығы, дұрыс тамақтану туралы түсініктерін кеңейту.
- Денсаулықтың адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру.
- Денсаулықты күтуге дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу

Ұйымдастыру: Амандасу, түгендеу, жинақтау.

Келтірілетін құнды мәліметтер:

1. Тамақтану тәртібі
2. Тамақтанудың негізгі ережелері
3. Тамақтанудың принциптері
4. Тамақ ішу тәртібі.

Балалар мен жасөспірімді дұрыс тамақтандыру олардың денсаулығын нығайтып, дене және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік береді, еңбек ету мен сабақ үлгеру қабілетін арттырады. Егер тамақтану дұрыс ұйымдастырылмаса, тиімсіз, яғни жеткіліксіз болса, организмде метаболизм, зат алмасу бұзылып, оның айналадағы ортаның зиянды әсеріне әне әртүрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұрарлық қабілеті төмендейді.

Тамақтану тәртібі

Ас қабылдауда белгілі бір уақытқа бағыну, сондай – ақ тамақтану кезінде астың мөлшерін және ас мәзірін сақтау деген ұғымды білдіреді.

Тамақтану режиміне мына төмендегі принциптер енеді.

- тамақтану барысында тәуліктік кесте белгілеу.
- тәулігіне бір - екі рет қана тамақтану дұрыс емес, белгілі мөлшерде үш – немесе төрт рет тамақтану керек.
- тамақ құнарлы болғаны жөн. Себебі, адам ағзасы дұрыс қабылдайтын, оны асқазан еш қиындықсыз қорытатын тағам түрлері, яғни белок, майлар, витаминдер, минералды заттарға бай болғанын адам өзі таңдай алуы шарт. Бұл ретте дәрігер - диетологтың да кеңесі артық болмайды.
- Тәуліктік ас мәзірі әртүрлі болуы керек. Тамақтану кезінде адам өзінің ас қабылдау қабілеті, қоңіл - күйіне баса назар аударғаны жөн. Кей ретте тамақ жеңіл жүрсе, кей ретте ол керісінше бұл процесті бәсеңдетеді. Мұны мамандар физиологиялық процесс деп те атайды

Тамақтанудың негізгі ережелері

- Аш адам бір жапырақ нан мен суды да қанағат тұтады. Бұл орайда оның тәбеті жоғары болады. Ал, ашқарақ адамға келсек, ол алдына келгеннің бәрін опыруға дайын. Мұндайда халықтық медицина ондай адамдарға белгілі рацион, кесікті кесте, тамақты қанағатықпен тұтыну керектігін ұсынады.
- Асқазан өз қажетін алды делік. Бірақ, тәбет басылмай тұр. Бұл тағамның дәмді әзірленгендінен де болады. «Өзі тойғанмен, көзі тоймай тұрғанын қараша» деген қызғаныш осыны білдірсе керек. Көптеген әдебиеттерде асқазан жартылай бос болуы керек деп жазылады. Бұл ас қорыту процесін жеңілдетеді. Екіншіден, тақыл – тақыл тағам қабылдауға мүмкіндік береді. Адамның тәбеті мен оның асқа деген құмартулығын артырады дейді.
- Тойып тамақ ішуге болмайды. Тағамның мөлшері, оның сапасы, қабылдау кестесі, гигиена ережесі және қолайлылық этикасымен реттелуі керек. Тамаққа деген тәбетіңіз болмай тұрып, ас қабылдамаңыз. Тамақтану тәртібі дегеніміз – ас қабылдауда белгілі бір уақытқа бағыну, сондай - ақ тамақтану кезінде астың мөлшерін және мәзірін сақтау деген ұғымды білдіреді.

Тамақтану процесінің принциптері

Тамақтану режиміне мына төмендегі принциптер енеді.

- Бірінші, тамақтану барысында тәуліктік кесте белгілеу.
- Екінші, тәулігіне бір - екі рет қана тамақтану дұрыс емес, белгілі мөлшерде үш - немесе төрт рет тамақтану керек.
- Үшінші, тамақ құнарлы болғаны жөн. Себебі, адам ағзасы дұрыс қабылдайтын, оны асқазан еш қиындықсыз қорытатын тағам түрлері, яғни белок, майлар, витаминдер, минералды заттарға бай болғанын адам өзі таңдай алуы шарт. Бұл ретте дәрігер - диетологтың да кеңесі артық болмайды. Тәуліктік ас мәзірі әртүрлі болуы керек. Тамақтану кезінде адам өзінің ас қабылдау қабілеті, көңіл - күйіне баса назар аударғаны жөн. Кей ретте тамақ жеңіл жүрсе, кей ретте ол керісінше бұл процесті бәсеңдетеді. Мұны мамандар физиологиялық процесс деп те атайды.

Асқазан ішілген тамақтан шамамен 4 сағат шамасында босайды, сол себепті тамақ ішудің арасы 3-3,5 сағаттан кем және 4-4,5 сағаттан аспасын. Тамақты жиірек ішкен сайын асқазан - ішек жолдары жұмысының ырғағы бұзылады. Егер тамақ ішу аралығында үзіліс өте ұзаққа созылып кетсе, онда күшті ашығу сезімі туындайды және оны қанағаттандыру үшін көп тамақ ішу қажет болады, бұл да асқазанның қорытуын қиындатады.

Калориялар

11-13 жас аралығындағы балалар үшін - 2850 кал.

14-17 жас аралығындағы ұл балалар үшін - 3150 кал.

14-17 жас аралығындағы қыз балалар үшін - 2750 кал.

Студент жастар үшін - 3300 кал.

Студент қыздар үшін - 2800 кал.

Спортсмен әйел адамдар - 3500-4000 кал.

Спортсмен ер адамдар - 4500-5000 кал.

Қарт аналар үшін - 2000 кал.

Егде ер адамдар үшін - 2200 кал.

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық

Алақанды ұрайық,

Бір отырып, бір тұрып,

Біз демалып алайық.

«Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі» дегенді қалай түсінесің?

Денсаулық туралы мақал мәтелдер айту.

- Ас - адамның арқауы

- Аспен күш артады

- Тағам іш жағымды

Тазартар жаңынды

- Ауырып ем іздегенше,

Ауырмайтын жол ізде.

- Жұқпалы аурудан сақтана білу

Табиғи шынығу.

- Күн тәртібін дұрыс сақтау.

Жеке бас тазалығын сақтау

Дұрыс тамақтану.

Спортпен айналысу.


Темекі, арак, нашақорлықтан аулақ болу.

Қайырымды болу.

«Өзінді, тамағыңды таза ұста, ішкен - жеген сайын және де ертеңгі - кеш ауызыңды тазалап шайқа. Таза ауада көбірек жүр, қимылда - деген тілекпен

Тренинг: Мен саған... тілеймін. «Жүректен - жүрекке»



Бекітемін 
МКҚК №1 "Күншуақ"
бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: «Ұлттық дәстүрлер және ананың тәрбиесіндегі рөлі»
"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026оқу жылы

Кіріспе: Отбасы – адам өміріндегі ең маңызды, алғашқы және негізгі тәрбие мектебі. Әрбір адам өмір жолын отбасы ішінде қалыптасқан құндылықтармен бастап, өзінің тұлғалық ерекшеліктерін сол ортада дамытады. Отбасы тәрбиесі ұлттық құндылықтармен тығыз байланысты, себебі қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлері атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа осы ұядан беріледі. Ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту, әрбір отбасында тәрбие процесінің негізі болу керек.

Ұлттық құндылықтардың мәні мен маңызы.

Ұлттық құндылықтар – белгілі бір ұлттың мәдениеті, тілі, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан туындайтын және сол ұлттың өмірінде ерекше орын алатын сенімдер мен түсініктер жүйесі. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары ғасырлар бойы қалыптасып, халықтың рухани байлығы мен тұрмыс-тіршілігінің негізін құрады. Олар: адалдық, шынайылық, кеңпейілділік, өзара құрмет, патриотизм, еңбекқорлық, қонақжайлық, отбасы мен әулетке деген құрмет және т.б. Бұл құндылықтар отбасы тәрбиесі арқылы жастарға беріледі. Мысалы, қазақ отбасында баланы жастайынан еңбекке, тәртіпке, шыншылдыққа баулу маңызды. Әке мен ананың арасындағы сыйластық, үлкендерге деген құрмет, жастардың ұрпақ алдындағы жауапкершілігі – осы ұлттық құндылықтардың көрінісі болып табылады.

Отбасында ұлттық құндылықтарды тәрбиелеудің ерекшеліктері

Отбасында ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу үшін бірнеше негізгі қағидаттарды ұстану қажет:

1. Өз ұлтыңды құрметтеу және танып-білу

Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді балаға жасынан үйрету – оның ұлтқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға көмектеседі. Қазақ халқының тарихы, мәдениеті, тілінің маңызы туралы әңгімелер жүргізіп, ұлтына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру қажет. Баланы қазақтың халық әндерін тыңдауға, ұлттық ойындарды ойнауға, ұлттық киімдер мен тағамдармен танысуға баулу – бұл да ұлттық тәрбие негізі.

2. Қазақтың дәстүрлерін ұстану

Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, атап айтқанда, отбасылық сыйластық пен қонақжайлылық сияқты дәстүрлерді жас ұрпаққа көрсету, үйрету өте маңызды. Бұл дәстүрлер ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтып, ұлттық бірлікті арттырады.

3. Ата-ананың үлгісі

Отбасы тәрбиесінде ең бастысы – ата-ананың үлгісі. Қазақтың мақал-мәтелдерінде «Балаңды тәрбиелеуде ең бірінші өзің тәртіпті бол» деп айтылғандай, бала ата-анасының іс-әрекеттерін қадағалап, соған қарай өмір жолын анықтайды. Егер ата-ана өз ұлтын, тілін, мәдениетін құрметтесе, бала да осыны қайталайды.

4. Үлкендерге деген құрмет

Қазақ қоғамында үлкендерге деген құрмет өте маңызды. Балаға ата-әжесін, аға-апасын құрметтеуді, олармен жақсы қарым-қатынаста болуды үйрету қажет. Бұл тәрбиені ұрпақтан ұрпаққа беріп, ұлттық құндылықтарды сақтауға септігін тигізеді.

5. Қонақжайлылық пен адалдық

Қазақ халқының қонақжайлылығы мен адалдығы – ұлттық тәрбиенің маңызды бөлігі. Баланы қонақжай болуға, өзгені құрметтеуге, ешқашан алдамай адал болуға үйрету, қоғамда бір-біріне көмек көрсету, қолұшын беру дәстүрін сақтауды талап етеді.

Ұлттық құндылықтарды жаңғыртудағы отбасының рөлі

Қазіргі таңда ұрпақ тәрбиесінде ұлттық құндылықтарды жаңғырту маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Заманауи қоғамның өзгерістеріне қарамастан, ұлттық құндылықтарды сақтап, ұрпақ тәрбиесін осы құндылықтар арқылы бағыттау – Қазақстанның болашағы үшін аса қажет. Ұлттық тәрбие мен мәдениет жайында дәрістер жүргізу, жастарды ұлттық спорт түрлерімен таныстыру, халық өнеріне қызықтыру – бұл бағыттағы жұмыстың бір бөлігі. Отбасы, әсіресе ауылдық жерлерде, ұлттың мәдениетін сақтау мен дамытуға көп мүмкіндік беретін мекеме болып табылады. Мұнда баланың дүниетанымы мен мінез-құлқы қалыптасады. Егер отбасы ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие берсе, онда ол ұрпаққа үлкен өмірлік дағдылар мен білім береді.

Қорытынды

Ұлттық құндылықтарды отбасы тәрбиесінде қалыптастыру, оны бүгінгі күнде сақтап, дамыту – маңызды міндет. Отбасы – ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ең алғашқы мектеп. Әрбір ата-ана өз баласына ұлттық тәрбие беру арқылы оның бойында ұлтқа деген мақтаныш пен құрметті қалыптастырады. Ұлттық құндылықтарды сақтау – ұлттың болашағы үшін ең маңызды қадам. Сондықтан да отбасында осы құндылықтар жүйесін насихаттау, оған үлкен мән беру – әрбір қазақ азаматының парызы.



Адал азамат бағдарламасы бойынша
"Аналар мектебі"



Сканировано с CamScanner

Бекітемін 
МККК №1 "Күншуақ"
бобекжай-балабақтасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: «Мейірім мен адалдық - ананың»
"Кобелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Қыдыралы Л.Т
Рысқұлова Б.Р

2025-2026оқу жылы

«Мейірім мен адалдық -ананың»

Ана – әр адамның өміріндегі ең қадірлі, ең қасиетті жан. Ол – өмірдің бастауы, мейірім мен махаббаттың қайнар көзі. Ананың жүрегінде шексіз мейірім мен қамқорлық бар. Оның әрбір әрекеті баласының бақытын ойлауға, оған қуаныш сыйлауға бағытталған.

Ана бізді дүниеге әкеліп қана қоймай, өміріміздің әр кезеңінде қолдап, демеу болады. Ол алғашқы қадамымыздан бастап, есейгенге дейін жанымыздан табылып, дұрыс жол көрсетеді. Ананың қамқорлығы мен ақыл-кеңесі әрқашан өмірімізді жеңілдетіп, қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Менің анам – мен үшін ең қымбат адам. Ол өте мейірімді, сабырлы және еңбекқор жан. Анамның жылы сөздері мен күлімдеген жүзі мені әрдайым шабыттандырады. Оның маған деген махаббаты мен қолдауы менің өмірімдегі ең үлкен күш. Әрбір ісімде анамның қолдауын сезінемін.

Анам – біздің отбасымыздың тірегі. Ол тек бізді тәрбиелеп қана қоймай, отбасымыздағы үйлесімділік пен жылулықты сақтайды. Таңертеңнен кешке дейін тынымсыз еңбектеніп, бізге ең жақсысын беруге тырысады. Оның еңбекқорлығы мен шыдамдылығы мен үшін үлгі.

Ана туралы айтқанда, оның шыдамдылығы мен батылдығын да атап өту керек. Ана өз балаларының болашағы үшін кез келген қиындыққа төтеп беруге дайын. Оның махаббаты шексіз және шынайы. Ананың жүрегі әрқашан баласының амандығы мен бақытын тілейді.

Ананың махаббаты – бұл дүниедегі ең таза әрі шынайы сезім. Ол бізге өмірдің құндылығын, адамдарға мейіріммен қарауды үйретеді. Анам әрдайым мейірімділік пен кешірімділікке баулиды. Оның ақыл-кеңесі мен жылы сөздері қиын сәттерде жолымды жарықтандырады.

Мен анама шексіз ризамын. Оның еңбегі мен қамқорлығын ешқашан ұмытпаймын. Анамның арманы мен үмітін ақтау – менің басты парызым.

Ананың алдында бас ию – әрбір баланың қасиетті міндеті.

Ана – өміріміздің шамшырағы, жүрегіміздің тірегі. Ол біздің болашағымызға сенім ұялатып, қиын сәттерде қолдау көрсетеді. Әрқайсымыз анамызды қадірлеп, оның мейірімін бағалай білейік.



Бекітемін: Асф
МКҚК №1 "Күншуақ"
бобекжай-балабақшасы
Әдіскер: Асанова Л.М

«Аналар мектебі»

Тақырыбы: "Аналар мектебінің қорытындысы"
"Көбелек" ересек тобы

Тәрбиешілер: Рысқұлова Б.Р
Қыдыралы Л.Т

2025-2026 оқу жылы

МКҚК №1 «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы

«Аналар мектебі» жұмысын қорытындылау іс-шарасының жоспары

I. Ұйымдастыру және дайындық кезеңі

- **Көрме ұйымдастыру:** Аналар мен балалардың бірлесіп жасаған қолөнер бұйымдары, суреттері және «Аналар мектебінің» тыныс-тіршілігінен сыр шертетін фото-көрме немесе қабырға газетін безендіру.
- **Бейнеролик дайындау:** Жыл бойы өткен тренингтерден, ашық сабақтардан және мерекелерден құралған қысқаша есептік видеоролик дайындау (3-5 минут).
- **Шақыру билеттері:** Белсенді аналарға, балабақша әкімшілігіне және қонақтарға арнайы шақыру қағаздарын әзірлеу және тарату.

II. Іс-шараның барысы (Салтанатты бөлім)

Уақыты / Кезеңі	Іс-шараның атауы мен мазмұны	Жауаптылар
5-7 минут	Кіріспе және мақсатпен таныстыру Жүргізушілердің ашылу сөзі. «Аналар мектебінің» мақсаты — ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қыз бала тәрбиесі, отбасылық өнеге жайлы қысқаша тоқталу. Балабақша басшысына алғы сөз беру.	Жүргізушілер, Балабақша әкімшілігі
10-15 минут	Есептік баындама немесе Бейнебаян «Аналар мектебінің» жетекшісі сөз алып, жыл бойы атқарылған жұмыстарға (дөңгелек үстелдер, психологиялық тренингтер, қайырымдылық шаралары) тоқталады. Арнайы дайындалған есептік бейнеролик көрсетіледі.	«Аналар мектебі» жетекшісі

15-20 минут	Пікір алмасу және «Ашық микрофон» Аналардың әсерлерімен бөлісуі. Мектептің олардың отбасына, бала тәрбиесіне қосқан үлесі туралы еркін форматтағы сұхбат. Психологтың немесе ардагер ұстаздардың қорытынды кеңестері.	Балабақша психологы, аналар
10-15 минут	Марапаттау рәсімі Жыл бойы белсенділік танытқан, іс-шараларға тұрақты қатысып, қолдау көрсеткен аналарды балабақша әкімшілігі атынан «Алғыс хаттармен» немесе шағын естелік сыйлықтармен марапаттау.	Балабақша директоры, жетекші
10 минут	Қорытынды және кері байланыс Қатысушылардан анкета немесе «Тілек ағашы» арқылы кері байланыс алу (келесі жылға қандай тақырыптарды қосқысы келетіні туралы ұсыныстар). Естелік фотоға түсу.	Ұйымдастырушылар, аналар

III. Хаттама толтыру және есеп беру (Шарадан кейін)

- **Қорытынды хаттама:** Жиынның шешімдерін, аналардың ұсыныстарын хаттамаға ресми түрде түсіру.
- **Әлеуметтік желілерде жариялау:** Іс-шараның қорытындысы мен суреттерін білім беру мекемесінің ресми сайтында немесе әлеуметтік желілердегі (Instagram) парақшаларында бөлісу.
- **Жоспарды жаңарту:** Кері байланыс және сауалнама нәтижелері негізінде келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жаңа бағыттарын айқындау.



Scanned with CamScanner